

БІЛІМДЕГІ ЖАҢАЛЫҚТАР №4 (64), 2018

Республикалық ақпаратты-әдістемелік журнал
2003 жылдан бастап шығарылады

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ /

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПОЛИТИКА

Бекен Шолан. Мәңгілік Елдің бір тұғыры – заңнама тілі.....	2
Алькенова Б. К. Көптілділік бойынша педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту.....	6
Омарова С. Т. Көптілділік – бүгінгі күннің талабы.....	10
Кукина Ю. Е. Полиязычие в контексте формирования полиэтнической культуры молодого поколения.....	13
Каримова Б. Т. Детская безопасность как условие повышения качества жизни казахстанцев.....	15

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР /

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИННОВАЦИИ

Кабдушова А. Knowledge of languages is the way to succes.....	18
Апселемова Г. Д., Оразбаева А. К. STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі.....	20
Карибаева А. М., Anar Karibayeva. Realization of multilingual policy through CLIL in Kazakhstan.....	24

ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ /

АКТУАЛЬНАЯ ИНФОРМАЦИЯ

Бегалина О. А. Қазақ жеріндегі алғашқы мектептер.....	27
Даирова А. Қ. Мұғалім мүддесімен үндескен жолдау.....	30
Чокушева А.И., Кусаинова А.Т. Профессиональное развитие педагога как фактор модернизации общественного сознания.....	34
Изакова А. Т., Валиева А. Б. Аспекты превентивной деятельности по проблеме девиантного поведения детей.....	37

БІЛІМ БЕРУ: МОДЕЛДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ /

ОБРАЗОВАНИЕ: МОДЕЛИ И МЕТОДЫ

Дюсембаева Г. Т., Жұмағұлова З. Ә. Оқу процесінде робототехника негіздерін қолдану.....	43
Абдрахманова Р. Т. Математиканы оқытуда ӨТШТ технологиясын қолдану.....	45
Болсынбаева А. Қатысымды дағды – мұғалім құзыреттілігінің бір қыры.....	48
Камзина А. Н. Бастауыш сыныпта пәндерді оқытуда ортақ тақырыптарды кіріктіру арқылы пәнаралық байланыс орнату.....	51
Ахметниязова А. Ж. Стратегия совместного чтения на уроках русского языка.....	53
Бектурова З. К., Ками И. С., Уналбекова Г. А. Рефлексивная деятельность учителя как условие развития профессиональной компетенции.....	55
Есембаева Г. Б. Развитие профессиональной компетентности учителя физики в условиях обновления содержания образования.....	60
Асамбаева С. Ж. Методика проведения урока чтения по работе над стихотворением.....	63
Ибраимова Ш. С. Формирование функциональной грамотности учащихся на уроках русского языка.....	68

МЕКТЕПKE ҚАДАМ: МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕН ТӘРБИЕ / СТУПЕНЬКИ К ШКОЛЕ: ДОШКОЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ

Нұрғалиева С. Д. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды қолдану.....	72
--	----

ӨНЕГЕЛІ ТӘРБИЕ /

ИСКУССТВО ВОСПИТАНИЯ

Боранбаева Л. К. Развитие основ духовно-нравственного воспитания дошкольников в контексте национальной идеи «Мәңгілік Ел».....	75
Клименко Н. А. Формирование нравственно-духовных ценностей в семейном воспитании.....	78

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНАСЫ / ТВОРЧЕСКАЯ МАСТЕРСКАЯ

Сарсенова С. К. Посткурсовая поддержка педагогов в совершенствовании педагогического мастерства.....	80
--	----

Меншік иесі

«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Астана қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты

Бас редакторы:

Л. А. Саинова, магистр,
ПҚ БАИ директоры

Редакция алқасының мүшелері:

Ә. И. Чокушева, PhD, ПҚ БАИ
Қ. К. Ахметова, п.ғ.к., ПҚ БАИ
Б. Ғ. Ғалымжанов, магистр, ПҚ БАИ
Г. У. Тусупова, ПҚ БАИ
Г. Қ. Даулетбаева, магистр, ПҚ БАИ
Н. А. Клименко, ПҚ БАИ
В. И. Нұрмаганбетова, ПҚ БАИ
Ж. С. Нұрмагамбетова, ПҚ БАИ
Ж. Р. Айтжанова, ПҚ БАИ
М. Ж. Асамбаев, ПҚ БАИ

Дайындаған редакторлар:

О. А. Бегалина
Е. Б. Адамбаев

Әрлендірген және қалыптаған:

Н. Ж. Исенов

Жазылым бойынша таратылады:

«Қазпошта» каталогы, индексі 75584

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген.
Лицензия № 3463 - Ж, 2002 ж., 21 желтоқсан

Журнал зарегистрирован Министерством культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан Лицензия № 3463 - Ж от 21 декабря 2002 г.

Редакцияның мекен-жайы:

Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 18
Телефон/факс: 8 (7172) 48-76-85

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Қолжазбалар және суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды

Позиция редакция не обязательно совпадает с мнением авторов. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются

Дана / Тираж:

349

МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ БІР ТҰҒЫРЫ – ЗАҢНАМА ТІЛІ

Бекен Шолан,
*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
жанындағы Заңнама институтының
аға ғылыми қызметкері, Астана қаласы*

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері ширек ғасырдан астам уақыт өтіпті. Бұл кезең тарихи тұрғыдан алғанда қас қағым сәт сияқты, ал ел дамуында болған оқиғалар мен атқарылған істерді, экономика, саясат, заңнама, ғылым және мәдениет салаларында болған өзгерістерді саралап қарасақ, тәуелсіз мемлекетіміз тұтастай бір дәуірді бастан кешкендей әсер қалдырады. Осы уақыт аралығында Конституциядан бастап ондаған кодекстер, мыңдаған заңдар мен заңнамалық актілер қабылданды. Қабылданған ауқымды жоспарлардан туындаған салмақты бағдарламалар осы заң құжаттарымен сүйемелденіп, дер кезінде жүзеге асырылып келеді.

Көптеген көрсеткіштер бойынша әлемдегі дамыған елу елмен теңесетін дәрежеге жеттік, ал таяу болашақта осындай отыз елдің қатарына қосылуды жоспарлап отырмыз. Бұл ретте ана тіліміз де мемлекеттік мәртебеге ие болып, ел өмірінің сан саласында батыл түрде қолданыла бастады. Көптеген академиялық, салалық, түсіндірме сөздіктер, анықтамалықтар жарық көруде.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауында ана тілімізге қатысты мынадай пікір айтқан еді: «Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үлесімізбен толығымен түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет. Егер әрбір қазақ ана тілінде сөйлеуге ұмтылса, тіліміз әлдеқашан Ата Заңымыздағы мәртебесіне лайық орнын иеленер еді.» . Бұл пікірді жай ниет қана емес, нақты тапсырма ретінде қабылдауымыз керек.

Елдің негізгі іргетасының бірі мемлекеттік тіл, соның ішінде заңнама тілі болуға тиіс. Өйткені, тиісті заңнамасыз экономика да, ғылым мен мәдениет те дами алмайды. Ал жалпы тіл білімі бірнеше арнаулы саланы қамтитыны белгілі, соның бірі - аударма тілі. Бұл өте күрделі сала, өйткені оның өзіне тән ерекшелігі, тұрақты қолданылатын ұғымдар жүйесі, терминологиялық аппараты бар. Осының бәрі әлі толық зерттеліп, бір жүйеге келтіріліп болған жоқ. Сондықтан алдағы уақытта, әсіресе, аударма тіліне қатысты шешімін күтіп тұрған мәселелер баршылық.

Заң жобаларының көпшілігіне орыс тілінде бастамашылық жасалып, кейіннен қазақшаға аударылатыны құпия емес. Ал олардың орысша мәтіндері, өз кезегінде, батыс елдерінің үлгі заңдарына (әсіресе, ағылшын тіліндегі) негізделіп жазылды. Соның салдарынан өміріміздің алуан түрлі саласына арналған заңдарымыздың қазақ тіліндегі мәтіндері шет елдердің тіл ерекшеліктеріне бейімделгендіктен, сөз тіркестері, әсіресе, жалпыға белгілі қазақы ұғымдар қасаңданып, қарапайым халықты айтпағанда, маман-заңгерлердің де түсінуін қиындатады.

Көне грек, парсы, латын, француз және басқа да шет тілінен еніп, сіңісіп кеткен, халықаралық деңгейде қолданылатын термин сөздерді жобамен баламалап, екіұдай мағынада қолдануға болмайды. Себебі, мұндай ағаттық заңның негізгі нормасына кері әсер етіп, кейде құқықтық мағынасын мүлдем өзгертіп жіберуі мүмкін. Ал оның қандай салдарға әкеп соғатыны айтпаса да түсінікті. Бұл орайда, Елбасы Ұлытау төрінде 2014 жылғы 25 тамызда берген сұхбатында: «Тілді байыту керек! Оған халықаралық ұғымдарды енгізсек,

тіліміз дамиды. Онда тұрған ештеңе жоқ. Бұдан қорқып, шошудың қажеті жоқ. ... Қазақстанда мемлекеттік тілдің болашағы зор» деген құнды пікірін де үнемі есте ұстаған абзал.

Кейбір сөздердің мағынасын дәл беретін баламасы табылып жатса, оны дұрыс қабылдап, сөздік қорымыздың аясын кеңейте түсу қажет. Ондай сәтімен табылған сөздер, тіпті сөз тіркестері аз емес (мысалы: «арбитраж – төрелік», «рынок – нарық», «глобализация – жаһандану», «стаж – өтіл», «резюме – түйіндеме», «реквизит – деректеме», «ставка – мөлшерлеме» және т.б.), олар қазір сөздік қорымызға кірігіп, кеңінен пайдаланылуда. Осыған қатысты бір ғана мысал келтіре кетейік. «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «аффилированное лицо» деген сөздер «аффилирленген тұлға» деп аударылыпты, ал енді оның қандай тұлға екенін тиісті мамандар болмаса, қарапайым халық түсіне бермейді. Кейіннен Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы (бұдан әрі – Терминком) экономикада жиі қолданылатын осы сөздердің қазақша баламасын «үлестес тұлға» деп бекітіп берді. Жоғарыда аталған Заңда мәселе кәсіпкерлік қызметке өзінің пайыздық үлесімен қатысатын тұлға жайлы болып отырғандықтан, түпнұсқаның қазақша аудармасы ұғымға жеңіл әрі оны кез келген адам қиналмай түсіне алады.

Алдағы уақытта әрбір сала бойынша заңнамалық актілерге қатысты заң терминдерін жасап, тұрақты тіркестерді қалыптастырған жөн, яғни қолданыстағы заңдарымыздың тезаурусын құрастыру қажет. С. И. Ожеговтың «Орыс тілінің сөздігінде» тезаурусқа «қандай да бір арнайы саланың терминдері мен ұғымдарын толық қамтитын сөздік немесе деректер жинағы» деген анықтама берілген. Ондағы ұғымдар барынша стандартталған әрі нысандық және ұғымдық жағынан өзгеріске ұшырамай, қалыптасқан ша-

блон сияқты қайталанып келіп отырады. Мұның өзі заң мәтіндерінде жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін қолданғанда бірізділікті сақтауға мүмкіндік береді. Заңгер-журналист әрі тәжірибелі аудармашы Д. Омашұлының «Заңнама ұғымдарының тезаурусы» атты кітабы осы салада мемлекеттік тілде жарық көрген тұңғыш еңбек. Осындай игі істерді әрі қарай дамытып, жалғастыра беру қажет деп ойлаймыз.

Біз жоғарыда көптеген заңдардың қабылданып жатқанын, олардың бәрі дерлік орыс тілінде дайындалып, мемлекеттік тілге аударылатынын айттық. Мәселен, «Әділет» нормативтік құқықтық актілердің ақпараттық-құқықтық жүйесінің мәліметтеріне сүйенсек, тәуелсіздік жылдары үш мыңнан астам заң қабылданыпты. Солардың үшуі ғана мемлекеттік тілде дайындалған («Көшіқон туралы» (бастамашысы – Ә.Ысқақ), «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» (Ф.Оңғарсынова), «Баланың құқықтарын ақпараттан қорғау туралы» (А.Смайыл). Талпыныс бар, бірақ бұл әлі де болса еркін қанат жая алмай отырғаны жасырын емес. Бұған әртүрлі дәлелді себептер де бар шығар. Бірте-бірте бұл олқылықтың да орны толар деп үміттенеміз.

Мемлекеттік тілдегі заңнама аудармаларының сапасы, әсіресе терминдер мен сөз тіркестерінің ұғымдық аппаратта дәл берілуі, орыс тіліндегі түпнұсқа нормалардың сақталуы тұрғысынан алғанда, қазақша заңнаманың мәтіндерінде әлі де болса кемшіліктер кездесіп қалады. Бұл - үнемі бұқаралық ақпарат құралдарында жазылып, әртүрлі деңгейдегі алқалы жиындарда, конференциялар мен семинарларда жиі айтылып келе жатқан өзекті мәселе. Сондықтан біз заң мәтіндерін аударуда мемлекеттік тілдің заңдылықтары мен өзіндік ерекшеліктерінің сақталуына, терминдер мен сөз тіркестерінің, орфографиялық, грамматикалық ережелердің дұрыс қолданылуына қатысты ойымызды ортаға са-

лып отырмыз.

Айталық, орыс тілінде көптеген терминдер, жекелеген сөздер мен сөз тіркестері көпше түрде жазылады. Оларды аударған кезде қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін қатаң басшылыққа алу қажет деп есептейміз. Мәселен, «науки - ғылым», «знания - білім», «правонарушений - құқық бұзушылық», «в целях - мақсатында», «в случаях - жағдайда», «на оснований - негізде» деп аударылуға тиіс. Бұл сөздер жинтық ұғымды білдіретіндіктен, қазақ тілінде жекеше түрде жазылады. Бұған нақты мысал ретінде 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің атауын (ал орысша атауы – «Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях») келтіре кетуге болады. Осындағы «об административных правонарушениях» деген сөз тіркесін «әкімшілік құқықтарды бұзушылықтар туралы» деп алсақ, ол айтуға ауыр әрі қолдану кезінде оралымсыз болып шығар еді. Бұл сөз тіркесі жиынтық ұғымды білдіретіндіктен, нормаға нұқсан келтіріп тұрған жоқ. Сол сияқты алдындағы анықтаушы сан есім болатын зат есімдер де («жеті күн», «бірнеше кәсіпкер», «көптеген жеңілдік», «алты бап» және т.б.) жекеше тұлғада берілуге тиіс. Өкінішке қарай, заңнама мәтіндерін қазақ тіліне аударған кезде тіліміздің осындай өзіндік ерекшеліктері үнемі ескеріле бермейді. Сондықтан, мемлекеттік тілдегі заң жобаларын тіл институты ғалымдарының сараптамасынан, білікті тіл мамандарының тезінен өткізіп алған артық болмас еді.

Әділет министрлігі осыған байланысты бірқатар шараларды күн тәртібіне уақтылы енгізіп отыратынын айта кеткен жөн. Заңнама институтымен бірлесіп, мемлекеттік тілдегі заң терминдеріне қатысты көкейкесті проблемаларды Парламент депутаттарының, тілші ғалымдардың, білікті аудармашылардың, министрліктер мамандарының қатысуымен ғылыми-практикалық семи-

нарларда, дөңгелек үстелдерде талқылап, нақты шаралар кешенін белгіледі. Терминкомның ресми мақұлдауымен «Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі» (құрастырушысы – Заңнама институтының жетекші ғылыми қызметкері М. А. Айымбетов) жыл сайын пысықталып, қайта шығарылып келеді, ол көмекші құрал ретінде басшылыққа алу үшін Парламентке, атқарушы және құқық органдарына жіберілді.

Заңнама институты Лингвистика орталығының қызметкерлері бастамашылардан келіп түскен заң жобаларына сараптама жасайды. Жобалар аудармасының мәтіндерінде грамматикалық, стилистикалық, орфографиялық, орфоэпиялық қателердің жиі кездесетінін сарапшы-мамандардың қорытындысынан байқауға болады. Мәселен, орыс тіліндегі халықаралық шарттарда, келісімдерде, хаттамаларда, меморандумдарда көптеген сөздер (әсіресе - қатардағы зат есімдер) бас әріппен беріліп жүр (мысалы, «Сторона», «Статья», «Глава», «Интернет», «Проект», «Программа», «Член» және т.б.). «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес «заң актісінің екі тілдегі мәтіні теңтүпнұсқалы болуға тиіс» деген қағиданы ұстанған аудармашы-мамандар осы сияқты атауларды мемлекеттік тілде де бас әріппен жазып жібереді. Бұл қазақ тілінің грамматикасына сай келе ме деген сұрақ туындайды. Бірақ, оның тиянақты төрелігін айтатын ешкім жоқ. Орысша қалай болса, дәл солай жазылып келеді. Біздің ойымызша, қазақ тілінің грамматикасы бойынша кез келген зат есім бас әріппен жазыла бермейді, бұл жөнінде белгілі бір ереже бар. Соған сәйкес, жалқы есімдер: географиялық атаулар, адамдардың аты-жөні, саяси мәні бар лауазымдар мен кейбір маңызды құжаттардың атаулары ғана бас әріппен жазылады (мысалы, «Абай», «Президент», «Парламент», «Қазақстан Республикасы», «Алатау», «Ертіс», «Алматы», «Мәжіліс Төрағасы», «Кодекс», «Заң», «Шарт»,

«Келісім», «Хаттама», «Меморандум» және т.б.).

Заң жобаларының көпшілігі орыс тілінен аударылатынын жоғарыда айттық. Олардың орысша мәтіндері, өз кезегінде, батыс елдерінің үлгі заңдарына негізделіп жазылады. Осы елдердің грамматикалық заңдылығы бойынша кейбір атау тұлғадағы зат есімдер сөйлемнің аяғында келсе де, бас әріппен жазыла береді. Ал шет тілінен орыс тіліне аударылып, бас әріппен жазылған сөздер қазақ тілінде де сол күйінде қалатынын кез келген нормативтік шарттан немесе келісімнен байқауға болады. Мұндай жағдайда заң бастамашылары (дәлірек айтқанда – аударма мекемелері) қандай дереккөзге сүйенерін білмей дал болуы әбден ықтимал. Өйткені басшылыққа алынатын құжаттарда да (заң, шарт, келісім, келісімшарт, меморандум, хаттама) бірізділік жоқ. Мәселен, «тарап» деген зат есім бір шартта бас әріппен алынса, екінші заңда немесе келісімде кіші әріппен беріледі. Бұл ретте 2013 жылы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шығарған «Қазақша-орысша-ағылшынша дипломатиялық сөздікті» (құрастырушы – Б.М.Жәмкенов) атап өткен жөн. Сонда кейбір атаулар, лауазымдар халықаралық шарттарға сәйкес бас әріппен берілген.

Еліміз егемендік алып, әлемдік өркениетке бет бұрғаннан бері қысқарған сөздердің саны да көбейе түсті. Бұл заңды да. Кейбір халықаралық шартта немесе келісімде қысқарған сөздер жиі қолданылады. Олардың бәрі орыс тілінен аударылатындықтан, қазақ тілінде таратып жазу немесе түсіну өте қиынға соғатыны белгілі. Жоғарыда аталған сөздіктің соңында негізгі халықаралық, өңірлік және үкіметтік емес ұйымдардың атаулары толық және жақша ішінде қысқартылып (бас әріптері) берілген. Бұл еңбек - аудармашының пайдалануы-

на қолайлы, бір ғана салаға (дипломатия тақырыбындағы құжаттарға) арналған көмекші құрал. Сондықтан алдағы уақытта басқа да сан саланы қамтитын ресми құжаттарда қолданылатын қысқарған сөздерді әліпби ретімен саралап, жеке сөздік шығаратын уақыт жетті деп ойлаймыз.

Бұл орайда Терминком тиянақты жұмыс атқарып келе жатқанын атап айту керек. Оның мүшелері негізгі жұмысымен қоса тоқсан сайын бас қосып, жүздеген термин сөздерді қарайды және өз отырыстарында олардың ең оңтайлы әрі дәл нұсқасын дауыс беру арқылы бекітеді. Терминком заң актілерінің аудармасында екіұдай қолданылып жүрген, мағынасы ұқсас сөздердің (синонимдер) аражігін ажыратып берді. Мысалы: «модернизация – жаңғыру», «модификация – түрлендіру», «преобразование – қайта құрылу», «слияние – қосылу», «присоединение – бірігу»; «оригинал – түпнұсқа», «аутентичность – теңтүпнұсқалылық», «подлинник – төлнұсқа», «дубликат – телнұсқа», «контекст – түпмәтін»; «проверка – тексеру», «досмотр – жете тексеру», «осмотр – қарап-тексеру», «обследование – тексеріп-қарау», «следствие – тергеу», «расследование – тергеп-тексеру» және т.б. Ең бастысы, осы сияқты жүздеген терминдер 2014 жылдан бастап жаңадан қабылданған кодекстерде (барлығы 7 кодекс) бір ізге салынып, барлық сатыдағы заң мәтіндерінде қолданылып жүр.

Мәңгілік елдің бір тұғыры тіл болса, тілдің бір тұғыры – заңнама тілі екені даусыз. Ендеше, Мәңгілік ел болғымыз келсе, заңнама тілін дамыта отырып, барлық салада (әсіресе, күнделікті қарым-қатынаста) қазақ тілін кеңінен қолдана білуіміз қажет. Осындай іс жүзіндегі қарекеттің нәтижесінде таяу болашақта заң актілерін толықтай ана тілімізде әзірлеу мүмкіндігін пайдалануға болады деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

1. Н. Ә. Назарбаев. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің

жаңа саяси бағыты», Жолдау. [http //www.akorda.kz/](http://www.akorda.kz/)

2. «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» АҚЖ

3. Ожегов С. И. Словарь русского языка, 1982 г.

4. Омашұлы Д. «Заңнама ұғымдарының тезаурусы», «Сөздік-словарь» ЖШС, 2013 ж., - Алматы қ.).

5. Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі (құрастырушы – Заңнама институтының жетекші ғылыми қызметкері М. А. Айымбетов), - Астана қ., «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ, 2015 ж.

6. Қазақша-ағылшынша-орысша дипломатиялық сөздік (құрастырушы - Б. Ж. Жәмкенов), - Астана қ., 2013 ж.

КӨПТІЛДІЛІК БОЙЫНША ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Алькенова Б. К.,

*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Ақмола
облысы бойынша ПҚ БАИ, аға оқытушы*

«Елдіктің өзегі – білік, кілті – тіл, қадір-қасиеті – кісілік» - деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, осы қасиетті тіліміздің қадірін келешек ұрпағымыз білсе екен дейміз. Қаншама ғасырларды алып құшағына алған, тарих қойнауы талай үлкен мемлекеттердің тәуелсіздігін көрген. Солай бола тұрса да, біз үшін өзіміздің тәуелсіздігіміз қымбат және тәуелсіздіктің арқасында құдіретті ана тіліміз – қазақ тілі, Мәңгілік тіліміз қымбат. Неге десеңіз, мемлекетіміздің сөнген отын жаққаны үшін, ата-бабамыздың рухын көтергені үшін, елімізді әлемге танытқаны үшін, «Қазақ» деген атауға жан кіргізгені үшін бізге қымбат.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде жатыр. Қазақ тілі әлі бірте-бірте мемлекеттік қызметте, экономика мен өмірдің барлық саласында басымдық танытатын болады. Қазақстанды мекендейтін әртүрлі ұлт өкілдерінің тіліне құрмет көрсету, олардың ана тілінде білім алып, төл мәдениетін дамытуына жағдай жасау – мемлекетіміздің маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі» екені сөзсіз деген сөзіне сүйенсек, ана тілі – ең

басты байлығымыз. Қазіргі біздің жастарымыз тілімізді өте құрметтеп өсіп келеді. Бұл көңіл қуантады. Олар біздің гүлденген Қазақстанымыздың болашағы, тілді ұрпақтан-ұрпаққа таратушы, біздің өміріміздің жалғасы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан халқы дүние жүзінде үш тілді бірдей пайдаланатын ел ретінде көрінуі тиіс. Бұлар – қазақ тілі, яғни мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынастар тілі және ағылшын тілі – әлемдік экономиканың сәтті қолданысындағы тілі» делінген. [1]

Елбасы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны жария етті. Ал 2007 Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды.

Бұл идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Яғни мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін

үйренеміз. [2]

Тілдің үштұғырлылығы – көпмәдениетті тұлға қалыптастырудың негізі. Үштұғырлы тіл бағдарламасының білім беру мекемелерінде жүзеге асырылуы аясында жоғары, кәсіптік орта, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің ынтымақтастығын жетілдіру идеясы жатыр. Қазіргі инновациялық үдеріс ғылым салаларының тоғысуы мен бірігуіне ғана емес, сонымен қатар тың ғылыми салалардың қалыптасуы мен дамуына да әсер етті. Лингвистика ғылымы соңғы жылдары көптеген жаңа бағыттарды қамтып, ғылыми-теориялық және практикалық жағынан кең өріс алып, дамып келеді.

Мұндай бағыттар қазіргі өмір талабы мен уақыт сұранысына сәйкес пайда болып отырғаны белгілі. Бұған дейін біз, бір тілге көңіл аударып келсек, қазір заман талабына сай жаңа салаға, жаңа бағытқа – когнитивтік лингвистикаға айрықша көңіл аударып келеміз. Бұл сала қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жарыстыра отырып, бір-бірімен салыстыра, жалғастыра отырып үйрету принципіне негізделген. Көптілділік біздің қоғам үшін Елбасының «үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасынан бастау алғаны мәлім.

Билингвизм (қостілділік) және полилингвизм (көптілділік) – қазіргі таңда ғалымдар тарапынан қызығушылық тудырып отырған өзекті мәселелердің бірі. Бүгінгі күні қостілділік өзара қарым-қатынас жасаудың негізгі факторы. Билингвизм – жеке адамның екі тілде қарым-қатынас жасауы және екі тілде сөйлеуі мен жазуы.[3] Кез келген жанұяда баланың тілі ата-ана қай тілде сөйлейді, сол тілде қарым-қатынас жасау арқылы дамиды. Ана тілінің дамуы жанұяға байланысты. Отбасында ана тілін үнемі естіп, өзі сөйлеп өскен бала мен ұлттық тілге көңіл бөлмей, отбасында басқа тілде сөйлесіп өскен баланың айырмашылығы көрініп тұрады. «Бесік жыры», ауыз әдебиеті мен балалар әдебиетінен, өз халқының бай мәдениетінен, тарихынан хабары бар, отбасында салт-дәстүрі сақталып, өзі соған бейім болған бала ерекшеленіп тұрады. Сол сияқты қазіргі таңдағы балалар өзара тілдесуде өзге тілде сөйлесіп, отбасының мүшелерімен өз ана тілінде тілдесуі таңқалдырады. Яғни ауызекі сөйлеу тілін талғамай, қойылған сұраққа бірден сол

тілде жауап бере алулары билингвизмнің арқау алу кезеңі деп түсінуге болады. Бұл қасиет көбінесе ұлты қазақ балаларына тән. Көптілділік ауызекі сөйлеу тілінің даму кезеңі. Бұған қоршаған ортаның әсері мол. Бала аулада, балабақшада, мектепте көбінесе басқа ұлт өкілі балаларымен тілдесуі, араласуының ықпалы. Сол сияқты қазір өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілді балабақшаларға өз балаларын беру жағдайы көп кездеседі. Билингвизм (қостілділік) әу бастан өте кең етек жайған.

Ұзақ уақыт бойына бірнеше табиғи тілдік ортада өмір сүру көптілділікке әкеледі және оның ұзақ уақыт есте қалуына әсер етеді. Мұндай жағдайда адамдардың барлығы көптілді болып шығады. Қолданыстағы бір тіл қарым-қатынас жасаудан біртіндеп шыға бастаса – ол тілдік аттриция, дамуын тоқтатса – ол фоссилзация, қолданыстан ығыстырылса – ол тілдің ауысуы, ұмытылып, қолданысын тоқтатса – ол тілдің өлуі болады. Сол сияқты тілдің жаңғыруы мүмкін – ол ревитализация. Қазіргі талап өз тіліміздің деңгейін көтеруіміз керек.[4]

Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар.

«Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл» болды. Қазақ тілін даудың тақырыбы емес, Ұлттың ұйытқысы ете білген жөн.

Н. Ә. Назарбаев

Көптілділік – заман талабы. Көптілділік адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады. Көптілділік адамдардың бір-бірімен ұғынысуында, ойын еркін, толық жеткізуінде ерекше қызмет атқарады. Көптілділік қоғамда да, өмірде де өзіндік орын алады. Көптілділік адамзаттың ойлау, пайымдау процесімен бірге жүзеге аса отырып, тілдік қатынастың негізі, басты құралы болып табылады. Көптілділік әлемдегі өркениет пен білім жүйесіне сәйкес тыңдаушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын, ой-пікірін дұрыс, сауатты жеткізуге ықпал ететін, адам мен адамның қай тілде болса да түсінісуіне мүмкіндік беретін сала ретінде оқу жүйесіне енгізілді. Қарым-қатынас құралы болып табылатын көптілділікті ғалымдар әрқилы ерекшеліктеріне қарай жан-жақты зерттеп келеді.

Көптілділік, мультилингвизм, полилингвизм – нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік. Мұның өзі жеке адамның (индивидуумын) көптілділігі және ұлт пен ұлыстың көптілділігі болып бөлінеді. Көптілділіктің үш тілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикасы, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты. Халықтардың қоныс аударуы, көрші елдермен тығыз қарым-қатынас секілді т.б. тарихи себептерден кейбір халық өкілдерінің жаппай көптілділігі қалыптасқан. Сондықтан да көптілділік көп ұлтты географиялық кеңістікте кең тараған. Мәселен, жаппай көптілділік Кавказдағы армян, аджар, осетин, күрд, грек, т.б. халықтар арасында, сондай-ақ, Дағыстан халықтары арасында жиі кездеседі. Қазіргі Қазақстан Республикасындағы қалыптасқан жағдай да осыған ұқсас. Қазақстанда – көпэтносты ел және үштілділік – саяси, экономикалық, мәдениатаралық қана емес, әлеуметтік лингвистикалық, психолінгвистикалық тұрғыдан қарастыратын өзекті мәселе. Қазақстанда пайда болған үштілділік құбылысы қазақ арасында ғана тараса, бұл біржақты үштілділік болады, сондықтан оның орыс, Қазақстанда жұмыс істейтін ағылшын тілділер, өзге де ұлыс өкілдері арасында тарауы шарт, көптілді елге керегі – үштілділік, бұл жергілікті тілдер, орыс тілі сияқты, халықаралық тіл, ғаламдандыру тілі – ағылшын тілі.[4]

Қазіргі әлем – жаңалықтар мен өзгеше технологиялар, өзгерістер заманы. Заманның ендігі тетігі бүгінгі күнмен тірлік ететін адамды емес, болашақты кеңінен ой елегінен өткізетін тұлғаны, келешекті кемел ойлай білетін, дүние өзгерістерінің себеп-салдарын жекелік талғаммен емес, жалпы адамзаттық өлшеммен қабылдайтын жандарды қажет етеді. Бүгінгі мұғалімдер бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуі керек. Себебі, нарықтық экономика еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды қажет ететіні белгілі. Бұл жаңа талап, жаңа міндет, жаңа мақсаттарды мұғалімдерге жүктейді. Осыған орай білім беру жүйесінде мұғалімдерге

қойылатын басты талаптардың бірі – полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Яғни, кез-келген ортаға тез бейімделетін, білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен сыни пікірін кез-келген тілде айта алатын азамат қалыптастыру.

Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін, бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Әр адамның рухани-адамгершілігін арттыру үшін, бүгінгі тез өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп, еңбек ету үшін терең білімді, үш тілді меңгерген маман болу керек. Мұғалім өзгермелі әлемге өзгерген маман бола алуы шартты. Осы тұрғыда мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында біліктілікті арттыру курстарында билингвизм (қостілділік) және полилингвизм (көптілділік) туралы ақпараттар беріледі.[5]

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет», - деп Н. Ә. Назарбаев айтқанындай, қазіргі заман талабы - көптілді оқыту және көптілді меңгерген маман дайындау. Бұл бағыт бойынша да жұмыстар басталып, жүргізілуде. «Қазақ тілі - ұлтымыздың рухы, рухани байлығы» десек тіліміздің дамуы, қоғамдағы орнын нығайту және қалпына келтіру жолында білім саласының жауапкершілігі ерекше.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерін енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың заманауи технологияларын енгізу арқылы және оларды тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша

пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді. Осы тұрғыда білім алушы тұлға өзінің қалаған тілінде білім алуға мүмкіндігі туындаған заман.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Біздің болашақтағы жоғары технологиялық және ғылыми қарқынды өндірістер үшін кадрлар қорын жасақтауымыз керек» деген сөздері бар. Демек, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, заманауи технологияны тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу - педагогтердің басты міндетінің бірі болып отыр, бұл «Өмір бойы білім алу» идеясын жүзеге асыру» деген сөз. Адам баласының өмірі ғылыми тілмен айтсақ институт, әр адам қажеттілігіне қарай өзін-өзі жетілдіріп отырады. Бүгінгі күні біздің мүмкіндіктеріміз өсіп, қашықтықтан біліктілік арттыру курстарын өткізіп жүрміз, ол аса өзекті мәселе. Себебі, бұл мұғалімнің негізгі жұмысынан қол үзбей-ақ білімін арттыруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқытуды кеңінен алып қарастыратын болсақ, оның негізінде ХХІ ғасырдың жаңа парадигмасы, басымдығы ретінде танылған Smart education жатыр. «Smart» ағылшын тілінен аударғанда «ақылды» деген мағынаны білдіреді. Ал технологиялық сипатта да осы мағынада жұмсалады. Яғни, ақылды технология, ақылды техника, пайдалануға ыңғайлы, мейлінше ықшам, көп функциялы құрылғыларды атайды. Ал педагогикалық үдеріс тұрғысынан қарастыратын болсақ, оқытудың бұл түрі электронды оқыту, мобилді оқыту, кезкелген жерде, кезкелген ортада оқыту деген мағынада жұмсалады. Ақпаратты техникалық құралдардың тілі де үш тілде. Дегенмен, қазақ тілінде жазылған барлық ақпараттың сауттылығына көңіл бөлген де жөн. «Smart» жүйесі педагогтер қызметінде ең тиімдісі. [6] Себебі бүгінгі жаһандану заманында күнделікті келіп жатқан ақпараттар легі ішінен ең қажеттісін сұрыптай алуға, өзіне қолдануға, нақты орындалатын, шыннайысын таңдайды.

ХХІ ғасыр - технологиялар ғасыры. Мобилді құрылғылар, интернет желілері өмір сүрудің күнделікті дағдысына айналып, ақпараттық технология адам өмірінің маңызды бөлшегіне айнал-

ды. Қазіргі таңда сандық қоғам, сандық орта қалыптасуына байланысты, оның көмегінсіз жұмыс жүргізу мүмкін емес. Интернет желілері адамның әртүрлі бағытта дамуына мол мүмкіндік береді. Үйде отырып кәсіпкерлікпен, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен, шығармашылықпен айналысуға болады. Соның ішінде тілді үйренуде қазіргі қоғамның талабы бойынша электронды оқулық арқылы жұмыс жүргізуге болады. Адам әлеуметтік желілер арқылы, өзінің барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыруына жол ашылды. Қоғам барлық деректерді, ақпараттарды, бір-біріне желі арқылы хабарлап, ақпараттанған қоғам қалыптастырды. Ақпараттық қоғамда адамның өзіндік ойлауы, әрекетке шығармашылық тұрғыдан қарап, ыңғайлы жол таба білуі маңызды болып табылады. Сондықтан интеллектуалды экономика қалыптасып, технологияның қарқынды дамуына мүмкіндік туды.

21 ғасырда білім беру саласында дәстүрлі оқыту электронды оқытуға, электронды оқыту smart оқытуға ауысты. Орта білім беруде оқушылардың өздігінен дербес білім алуына басымдық берілді, біліктілік арттыру жүйесінде қашықтықтан оқыту, корпоративті оқыту дамуда. Электрондық оқыту жағдайында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің, соның ішінде ақпараттық құзыреттілігінің жоғары деңгейде болуы қажет. Болашақ мамандардың өмір бойы оқуға, ізденуге дағдылануы, цифрлы білім беру контентімен жұмыстануы және жасақтауы, жаңа техника мен технологияларды меңгеруі, өз білімін жетілдіруі, қосымша білім алуы үшін ақпараттық құзыреттілігі болуы тиіс. Электрондық оқыту жағдайында автоматтандырылған жүйеде оқушы білім беру контентімен тиімді жұмыстанады, жеке портфолиосын, күнтізбесін, күнделігін жүргізеді. Осы жағдайда кезкелген тілді білу қажеттілігі туындайды. Мұғалімдер ата-анаға, оқушыларға ақпаратты сұраған тілде бере алу мүмкіндігі туындайды.

Қазіргі білім беру талаптарының басты міндеті – педагогтердің кәсіби құзырлығын қалыптастыру мен біліктілігін үздіксіз арттыруды, ғылыми-әдістемелік қызметтің жаңашылдығын, түрлері мен

әдістерін жетілдіру, оның тәжірибеде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету. Сондықтан қазіргі заманауи білім беруде әр оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығарма-шылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасау. Қазіргі мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Тұлғаның жақсы білім алуы, табысты оқуы ұстазына байланысты, ал ақыл-ойының дамуы-өзіне және қоршаған ортасына байланысты. Ендеше Smart – технологиясы арқылы көптілді білім беруде тәжірибеміз жетіліп, болашағы кемелді болады деп сенеміз.

Заман ағымына сай, қазіргі алдымызда тұрған үлкен міндет халқымыздың

ұлттық дербестігін сақтай отырып, елімізді өркениетті елдер қатарына қосылуы. Қазіргі заманда балалардың бірнеше тілде сөйлеуін қамтамасыз ету ең бірінші мектеп мұғалімдеріне жүктеледі. Сол жас ұрпақтың өз болмысын тануға ұмтылысына көмектесіп, тереңде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін рухани күш беру – бүгінгі мұғалімнің басты мақсаты. Жоғарыда айтылған мәселелер мен жүктелген міндеттер мен мақсаттардың орындалуы үшін оқыту мазмұнының жаңартылуы, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, ол тәсілдер әрбір оқушының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтын болып ұйымдастырылуы заман және біздің талабымыз. Сол тұрғыда біліктілікті арттыру курстарында басты мақсаттарды басшылыққа алып келеміз.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 ж.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2050» стратегиясы дамыған мемлекеттің жаңа саяси бағыты» - Қазақстан халқына Жолдауы - Егемен Қазақстан, 17.01.2012 ж.
3. Хамраева Е.А. Билингвизм. - Москва, 2009.
4. Белянин В.П. Психоллингвистика. - Москва, 2004.
5. Бухаров В.М. Концепт в лингвистическом аспекте. - Н. Новгород, 2001.
6. Даулетова В.А. Smart-education: келешекке бағытталған білім.

КӨПТІЛДІЛІК – БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАЛАБЫ

Омарова С. Т.,

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Астана қаласы бойынша ПҚ БАИ, бас маман

Оқушының жеке тұлғасын, оның рухани әлемін, қабілеті мен ынтасын дамыту бүгінгі таңдағы негізгі мәселенің бірі. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы. Тілдің адам өміріндегі ең шешуші рөл атқаратыны әркімге де түсінікті. Ол танудың, түсінудің, дамудың құралы. Ал үш тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса

маңызды құралы болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының шет елдермен халықаралық байланыстары күннен-күнге арта түсуде. Сол байланыстарды дамыту үшін көп тіл білетін жас ұрпақ тәрбиелеу қажет.

Ендеше, үш тілді білу - бүгінгі заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр қилы әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің күллі ерекшеліктерін, барша құндылықтарын сезінуге болар еді. Тура-сың айтсақ, екінші бір тілде сөйлеу өзге

тілді пайдалану ғана емес, басқа ұлттық мәдениеттің, психологияның аясына сыналап енуді де аңғартады.

Елбасымыз: «Мектеп жасына дейінгі білім беру деңгейінде үш тілді оқытуды жаппай енгізуді қамтамасыз ету қажет. Осылайша біз тілдерді меңгерудің қисынды жүйесін қалыптастыра аламыз: әліпбиі – балабақша деңгейінде, мектепте – базалық деңгей, университет пен колледжде – мамандық бойынша кәсіби тіл», - деп, көптілді білім беруді дамытуға басымдық танытып отыр. Елбасы қойып отырған міндеттің негізгі мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзыреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру.

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Қазіргі білім берудің негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану. Сондай-ақ, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі өмірге бейімделіп, лайықты өмір сүру, әркім өз сүйген ісімен айналысып, белсенді жұмыс істеу болып табылады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндеттер ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Бұл заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың озық технологиялары мен инновациялық әдістерді сабақ үрдісінде тиімді пайдалана алатын білігі мен білімі жоғары ұлағатты ұстаз болу керек деген сөз. Бүгінгі таңда

жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізінде құзыреттілік тәсілді қолдану ұсынылып жүр. Білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігін көреміз. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол ең әуелі мектеп үрдісінде қалыптасады. Заман талабы оқушылардың бойына түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады. «Үштілділік – нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы», – Б. Хасанұлы анықтама бергендей [5, 4], бүгінде оны қолдануға жан-жақты күш салынуда.

Осы орайда құрылған «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» басты мақсаты:

- қазақ тілінің мәртебесін көтеру;
- мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу;
- ағылшын тілін меңгерту;
- орыс тілін жетік білу;
- әр ұлттың тілдерін дамыту, оларды сақтап қалуға мүмкіндік жасау;
- тілдер гармониясының бірлігіне жол ашу.

Елбасының үштұғырлы саясаты аясында шетел тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінде кезек күттірмейтін өзекті де келелі мәселелердің бірі болып отыр. Алайда «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте», - деп ақын жырлағандай, өз тілінде еркін сөйлеп, өз тілін құрметтейтін тұлғаны баулысақ, өзге тілді қадірлейтін тұлғаны баулитынымызға көз жеткіземіз. Сондықтан да «Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Бұл - заман талабы», - деген елбасының қағидасына сүйене отырып, қазіргі таңда балабақшадан бастап мектеп табалдырығын аттаған сәттен ана тілін меңгертуге, сауаттылыққа күш салынуда. Осы орайда ауыр жүк артылып отырған мұғалімдер мен тәрбиеші-ұстаздардың бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеудегі еңбегі зор.

Үштілділіктің маңызын түсіне білген жанның еліміз үшін болашақтағы алары да, берері де мол. «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» [2,51].

Мектепте қазақ тілін оқыту барысында орыс тілі, ағылшын тілі пәндерін бірлікте алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты жүргізіліп жүр. Бұл жерде өтіліп отырған бағдарламаға сай үш пәнді бірлікте ала отырып, пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Алайда дәстүрлі оқытуда тек аударма жасатумен ғана шектеліп отырсақ, қазіргі оқыту технологиясында түрлі шығармашылық бағыттағы тапсырмалар бере отырып, оқушы-субъектінің ізденісіне, яғни, жеке тұлғаның әрекетін дамытуды мақсат етудеміз.

Қазақ тілі үш тілдің біреуі ғана болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді.

Н. Ә. Назарбаев

Өз іс-тәжірибемізде оқушылардың интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын ойын технологиясын қолдана отырып сабақты үш тілде жүргізудің тиімділігі зор. Өнімді нәтиже беріп жүрген іскерлік ойындары: «Полиглот», «Кім тапқыр?», «Үздік тілші», «Кел, сайысайық!», «Тілдер сөйлейді» сынды тағы басқа ойындарды өткізудің үштілді меңгертудегі маңызы айрықша. Оқушыларды ойната отырып, үш тілде жүргізілген сөзжұмбақтар, анаграммалар олардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтарын арттыруға негіз болды. Сондай-ақ, ақпараттық технологияны: электрондық оқулықтар, презентациялар, тест т.б түрлері оқушылардың қызығушылығын оятып, уақыттарын үнемдеуге, қосымша деректерді тиімді қолдануға түрткі болды. Шығармашылық жұмыстарға жетелейтін тапсырмаларды да оқушылар қызыға орындап, еркін аударма жұмыстарын жасауға дағдыланды. Мәселен, «Мақал-мәтелдердің үндестігі»

салыстыру жұмысы оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты ұсынылып, сыныбына орай күрделеніліп отырады. Бұл тапсырмада мақал-мәтелдерді тақырып бойынша табу, үш тілде аудармасын ұсыну, үндестігін табу.

Бұл жерде оқушылардың сөйлеу тілдері мен сауаттылықтарына назар аударылады. Ал осы тақырып бойынша қабілеті жоғары оқушыларға шығармашылық бағыттағы тапсырма «Мақал-мәтелдердің баламасын жаз» ұсынуға болады. Бұл жерде оқушылар өздері таңдаған тақырыпта үш-тілде мақал-мәтел ойлап, баламасын жазуға талаптанады. Шығармашылық бағыттағы тапсырманың бір түрі: «Тіл тағдыры ақындар жырында». Бұл тапсырмалар оқушылардың ізденушілік әрекеттеріне, өз беттерімен білім алып, алған білімдерін ортаға салып, дәлелдеу дағдыларына түрткі болды. Ауызша, жазбаша сөйлеу тілдерін дамытады. Пәнаралық байланыстың негізінде оқушылар әр пәннен алған білімдерін тоғыстыра отырып, өз мақсаттарына жете білуге дағдыланды. Үштілділікті әдебиет сабағында да жүйелі түрде қолданып келеміз. Мәселен, әдебиет сабағында 9-сыныпта «Ертегілер» тақырыбын өткенде іздендіру-зерттеу бағытындағы тапсырма ұсынуға болады. Яғни, «қазақ ертегілері мен әлем халық ертегілерінің үндестігі» тақырыбы бойынша оқушылар салыстыру жұмысын жасап, тапқан деректерін топпен бірлесе отырып, үш тілде еркін баяндап беруге талаптанады.

Әдебиет пен тіл – рухани егіз пәндер болғандықтан, оларды бірлікте ала отырып жүргізген сабақтарда үштілділікті қолдану аясында оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін, зерттеушілік әрекеттерін дамытып, салыстыру, талдау, дәлелдеу сынды дағдыларын қалыптастыруға түрткі болатыны тәжірибеде байқалып жүр. Сондай-ақ, үндестіктерін табу, салыстыру жұмыстары да оқушылардың қызығушылығын оятады. Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар: модель, презентация, жоба құру сынды бағытта да ұсынылып отырады. Бұл жерде олардың ақпараттық құзыреттіліктерін дамыту көзделді. Мәселен, 9-сыныптың әдебиет сабағында

«Ауыз әдебиеті» тақырыбы бойынша оқушыларға «Ұлттық салт-дәстүрлер үндестігі» тақырыбында презентация жасау ұсынылған болса, мұнда үш халықтың салт-дәстүрлерін салыстыра отырып, үш тілде еркін презентация арқылы қорғап шығу талап етіледі. Бұл әрине, оқушының танымдық тұрғыда ақпарат қабылдау, тілді үйренуге ұмтылыс, жалпы білімге деген қызығушылығын арттырады сөзсіз.

Қорытындылай келе айтарымыз, болашақ жастарымыз өз тілін ардақтай отырып, заман талабы тудырып отырған үш тілде еркін сөйлеп, әлемнің кез-келген жерімен еркін байланысқа түсіп жатса, еліміздің ертеңін көркейте түсері сөзсіз. Олай болса, бүгінгі талапкерлерге әлемдік кеңістікке қанат қағып, шет тілін меңгерсем деп талап білдіргендерге сәттілік тілейік.

Н. Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдаған Үндеуінде: «Біздің болашағымыз білікті де, білімді жастардың қолында» - деп атап көрсетсе, сол жастарды мектеп табалдырығынан бастап дайындауға көш алдында болайық. «Тілі бірдің - тілегі бір», «Тіл тағдыры - ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі - тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз. Ендеше, жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығушылықтары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббаттарын оятып, бәсекеге қабілетті, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу - басты міндетіміз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Призендеті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан», «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы. - Астана, 2007 ж.
2. ҚР «Тілдер туралы» Заңы
3. «12 жылдық білім» ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-сараптамалық журнал - №3 2008
4. Әбдуәли Т., Үштұғырлы тілден түңілмейік // Жетісу, №31 2008
5. «Мектептегі шет тілі» республикалық әдістемелік-педагогикалық журналы - №4 (22), 2006
6. Жаминова Р.Ж., Модульдік оқыту технологиясын қолдана балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. // Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістер. II халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы II том. - Астана, 2012 ж. 115-120 б.

ПОЛИАЗЫЧИЕ В КОНТЕКСТЕ ФОРМИРОВАНИЯ ПОЛИЭТНИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ

Кукина Ю. Е.,
заведующая кафедрой ППС,
ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по ВКО

В своей программной статье «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда» Президент Республики Казахстан Н. Назарбаев отметил, что «Казахстан должен восприниматься во всем мире как

высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками. Это: казахский язык - государственный язык, русский язык - как язык межнационального общения и английский язык - язык успешной интеграции в глобальную экономику».

[1] «Знание родного, государственного, русского и иностранного языков расширяет кругозор человека, содействует его всестороннему развитию, способствует формированию установки на толерантность и объёмное видение мира» [2], формирует полиэтническую культуру молодёжи.

Полиэтническая культура - это тип культуры, которая формируется в результате процесса межэтнической интеграции, предполагая интеграцию личности в условиях многонационального общества.

Именно полиязычное образование является составной частью процесса формирования полиэтнической культуры, так как, наряду с изучением грамматических конструкций языка и отдельных слов, оно позволяет изучить и понять историю, обычаи и традиции носителей языка, познакомиться с культурным наследием, понять мировоззрение и менталитет народа. Отсюда встаёт задача включения полиязычия в систему дополнительного образования. Но данный процесс не свободен от проблем, среди которых:

- потребность общества в формировании полиэтнической культуры у современной молодёжи и отсутствие соответствующей системы полиязычного образования как процесса её подготовки в условиях среднего и дополнительного образования;
- осознание необходимости разработки системы полиязычного образования и недостаточность её нормативно-правового и научно-методического обеспечения;
Қазақ халқы өзінің даму сатысында мүлде қараңғылықта өмір сүрді деп айтуға болмайды. Халық санасының ояу болуы, сол кезеңнің өз даму деңгейіне байланысты басқа да елдермен түрлі қарым-қатынаста болуына байланысты өрбіді. Ғылыми зерттеу деректері бойынша Қазақстанда, әсіресе отырықшы өңірлерінде VII–VIII ғасырларда мұсылманша бастауыш оқу орны, медреселер, діни білім беретін ортадан жоғары оқу орындары жұмыс істеген. «Сен білесің бе?» энциклопедиясының түсіндіруінше, «Көне замандағы медреселер қазіргі университеттердің дәрежесінде болған. Әуелі Құранның түсініктемесін оқып, екі жыл бойы жүзден астам сүремен танысқан да жағырапия, астрономия, пәлсапа пәндерінен дәріс алған. Отырар, Самарқанд, Бұхара медреселерінде Аристотелдің, Платонның, Әбу Насыр Әл-Фарабидің шығармаларын оқытушылардың көбісі өз өмірін білімге

арнаған ғұламалар болған».

Ертедегі Исфиджаб, Тараз, Сайрам, Түркістан, Отырар т.б. қалалардағы медреселер саны 84-ке жетіп, бұларда 5 мыңға жуық шәкірттердің білім алғандығы жөнінде деректер бар. Мұсылмандық бастауыш оқу орыны – мектептер еліміздің түкпір-түкпіріндегі ауылдарда ашылып, татар, башқұрт, қазақ молдалары сабақ берді. Оқыту ақысы халықтан жыйналды. Балалар қыс, күз айларында – жылына 4–6 ай ғана оқып, білім алды. Оқуға жеті жастан бастап қабылданып, олар 9 жастағы балалармен де бірге сауаттарын ашты. Медреселердегі ұстаздар мен муддаристер араб, парсы дүниесі мен ғылымынан, мәдениетінен мол хабардар жандар болып, көршілес елдердегі мұсылмандардың діни білім ошақтарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеді. Қазақ еліндегі алғашқы оқу орындарына Таяу және Орта Шығыс елдерінен де саяхатшы, жиһангерлер, ғылым, білім өкілдері келіп, олар да дәріс өткізді. Қазақтардың көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары Шаш, Бұхара, Самарқанд, Мерв, Термез, одан арғы Тегран, Исфиһан, Шираз, оның арғы жағындағы Каир, Бағдад, Басра, Дамаскіге дейін барып, мұндағы білім ошақтарынан тағылым, білім алды. Сырдың оңтүстігіндегі Хорезм елімен де ғылыми, мәдени байланыс жасады.

Мұсылмандық бастауыш мектептер мен медреселерде сауат ашу араб хариіптері мен сөздерін жаттаудан, құранның араб тіліндегі мәтінін жатқа айтудан бастау алды. Шаһарлардағы медреселерде ауылдық жерлердегі оқу орындарының молдалары, казилар, діндар сопылар, шарифат заңдары мен шарттарын түсіндіретін жоғары лауазымды дін қызметшілері дайындалды. Ауыл, қалалардағы бастауыш мұсылман мектептері Ислам діні мен рәсімдерін таратушы, халықтың ірі мәдениет орталығы болды.

Дегенмен замана өзгерісіне, уақыт талабына байланысты XIX ғасырдың жиырмасыншы және алпысыншы жылдары - Ресейлік патша үкіметі жүргізген реформалар қазақ даласын жаңа әкімшілік-территориялық бөліктерге бөліп қана қоймай, өмірдің барлық салаларын қамтитын өзгерістер енгізді. Жаңа қалыптасқан жағдайға бейімделу үшін халыққа өзінің өмір салтын өзгерту керек болды, өз болашағын өзі ойлау, өзінің қамын өзі ойлауға тиіс жағдайда болды. Сөйтіп халық ой-санасында бірте-бірте бетбұрыс жасала бастады. Бұрын мән берілмеген білімге назар аудару қажет болды. Патшалық Ресейдің қоластында болғандықтан, ресми тіл орыс тілі болғандықтан, орыс тілін үйрену, орыс мәдениетімен танысуға мәжбүрлі болды. Барлық өмірдің салалары, күнделікті шешуін таппайтын мәселелер отаршылармен қарым-қатынаспен байланысты болғандықтан, халық жаңа өмір салтын құруға мәжбүрлі де, мүдделі де еді. Сондықтан да осы уақытта ресейлік, орысша білімге деген қажеттілік пайда болды. Бірақ, кейін, бұл қажеттілік орыс тіліндегі білімге қызығушылық тудырып, құштарлыққа да айналып кетті.

Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы.

Қазақ халқының мақалы

Орыс-қазақ мәдени қатынастары Қазақстанның Ресейге қосылуының басталуымен байланысты. Осы кезеңде қазақ даласының басқа аймақтарына қарағанда Бөкей Ордасында жергілікті адамдар арасында сауаттылыққа, бастауыш білім алуға деген құлшыныс артты. Бөкей ордасында Ресеймен экономикалық және саяси байланыстың күшеюі де сауатты адамдарды көптеп қажет етті. Бөкей ордасының ханы Жәңгір ел басқару ісіне білімді жастарды кеңінен қатыстыра отырып, ескі рулық, старшиналық, сұлтандық басқару жүйесінің түп тамарына балта шабуды ойлады. Сондықтан да ол өз саясатын жүзеге

асыруда білімді жастарға арқа сүйеуді қажет деп тапты.

Қазақ даласында қазақ мектептерін ашу туралы бастама тек қана отарлау саясатын көздеген патша өкіметі тарапынан шыққан жоқ, сонымен қатар қазақтың белгілі атқа мінерлері, ру басылары, орысша оқыған, білім алған өкілдері арасынан да шыққан болатын. Атап айтар болсақ, орысша білім алған, Ішкі Орданың ханы Жәңгір Бөкеевтің тікелей араласуымен 1841 жылы Хан Ордасында, Ордада екі сыныптық бастауыш мектеп ашылды.

«Жәңгір мектебі 1841 жылдың 6 желтоқсанында ашылды. Қала училищелері үлгісімен салынған парталы, тақталы тұңғыш мектептің қоңырау қағу салтанатына қатысқан Орынбор Шекара комиссиясының шенеуніктері таңданыстарын жасыра алмады. Алдымен Хакім молда құран оқып, шәкірттерге шашу шашылды.

- Қазақтың жас балалары болашақта оқу орындарына түсуі үшін өз ордамнан мектеп ашып отырмын. Шәкірттерді мұнда орыс, араб, парсы, қазақ тілдерінде оқып-жазуға үйретемін. Әсіресе, орыс тілінен қазақ тіліне және қазақшадан орысшаға аударуға, математикадан, географиядан бастапқы білімге және мұсылмандық ережелеріне оқытуды қолға аламын, - деп Жәңгір сөзін аяқтағанда Жасқұс көшесінің тыныштығын түріп, сыңғыр-сыңғыр жез қоңырау қағылды.

Мектеп табалдырығын аттаған 25 оқушының ең кішісі Жәңгірдің өз балалары 7 жастағы Ысмайыл мен Ыбырайым болды. Жеті бала мектеп жанындағы жатақта, қалғандары үйден келіп оқыды. Хан өз қаражаты есебінен әр жылы 8-15 баланың оқу шығынын көтерді. Қазақ жеріндегі тұңғыш интернат-жатақ та Жәңгір мектебі жанынан ашылды. Мектептің қамқоршысы да, алғашқы инспекторы да Жәңгірдің өзі еді. Оқу жылы барысында ханға шәкірттердің тізімі мен пәндер бойынша үлгерім бағалары көрсетілді. Жыл сайын 6 желтоқсанда мектепте салтанат ұйымдастырылды.» [1, 172-173]

Алғашында мектеп 25 балаға арнап салынған мектеп, 1848 жылға дейін Жәңгір ханның өз қаражаты есебінен жұмыс істеді. Ел ішінде бұл мектеп «Жәңгір мектебі» де-

ген атауға ие болды. 1848 жылдан бастап, бұл мектеп Халық ағарту министрлігінің қаражатына көшіріліп, екі сыныптық училище дәрежесіне теңестірілді. Мектептің негізгі міндеті – мектеп қабырғасында алғашқы сауаттарын ашып, білім алған қазақ балаларын Орынбор Неплюев кадет корпусына, гимназияларға және басқа да оқу орындарына түсу үшін даярлау.

«Жәңгір мектебін бітірген шәкірттердің Неплюев кадет корпусына түсуге даярлығы жеткілікті болды. Мектеп білімімен Орынборға аттанғандардың бірі Салық Бабажанов болатын. Қазақ этнографы кейіннен: «Біздер Жәңгір мектебінде тәрбиеленген едік. Бір күні біздерді сарайға шақырып, хан сендермен кадет корпусына түсуге ықыластықтарыңды сұрайды деп ескертті. Хан біздерді өте ақжарқын отырып қабылдады және оқуға бару ықыласымызды сұрап білді. Бәрімізге уыс-уыс күміс мәнет үлестірді. Бұл 1845 жылдың басындағы қыс еді. Келісім бойынша 1 шілдеде Торғын өзені бойында ханның жазғы жайлауында жиналуға тиіс болдық. Біздерді Орынборға жібергендері әлі есімде, ол мереке-той ретінде өтті. Ханның өзі жиналған 80 кісіні бастап, біздерді шығарып салу үшін атқа отырды. Бес шақырымдай жүрген соң бәрі тоқтап, балаларды ханның алдына келтіріп, жолымыз болып, аман жүруіміз үшін тілектер айтып, бата қылып, қоштасты. Білімге ден қою, хан өмірінің соңғы кезінде қазақ арасындағы ең қадірлі дәстүрге айналды» - деп естелік қалдырған» [1, 173]

«Осы тұста Неплюев кадет корпусына қабылданғандар арасында Мұхаметжан Бекмұхаметов та бар еді. Мұхаметжан кейіннен Исатай-Махамбет көтерілісі бүрқеткен ереуілді аймақ – Теңіз округін қырық жылдай басқарып, әділдігімен қазаққа Мақаш әкім атанбақ. Өзге әкімдерге, қазақ ауқаттыларына тағылымдай болған «Қазақ даласындағы қайырымдылық» атты мақала жазбақ. Сөйтіп, кезінде Махамбет қарумен орнатпаққа арпалысқан әлеуметтік теңдікті Мұхаметжан білім-парасатымен орнықтыра алды.

Махамбет: «Ата ұлының баласы, асыл ерге малың бер, малың бер де басың қос, басыңа тарлық түскенде, ардақтаған әділ жаннан аяқ ма?!» десе, Мұхаметжан:

«Қазақтың түсінігінде ауқатты адам ашжалаңаштың алдына ас, басына пана беруге міндетті. Бұл – жарылқаушылық емес, парыз. «Қазақ» деген «ерікті» ұғымын береді, құл қазаққа тән емес» деп ұлтын ұлықтады.» [1, 173]

Сонымен, сабақ орыс тілінде жүрген бірінші қазақ мектебі 1841 жылы Хан Ордасында ашылса, екінші қазақ мектебі 9 жылдан кейін, 1850 жылы Орынборда шекара комиссиясының жанынан үстем тап, яғни сұлтандардың, билердің және ауқатты қазақтардың балаларынан хат жүргізушілерді және аудармашыларды дайындау мақсатында ашылды. Қазақ халқының тұңғыш педагогі, ағартушы-демократы, ақын-жазушысы Ыбырай Алтынсарин осы мектепті бітірген. Балғожа би (Ыбырайдың атасы) немересі Ыбырайды 1850 жылы Орынбор шекаралық комиссиясы жанынан қазақ балалары үшін ашылған жетіжылдық мектепке оқуға береді. Оны Ыбырай 1857 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Сөйтіп, ол математика, физика, биология, жағырафия, тарих, әсіресе орыс тілінен өз заманына сай терең де жан-жақты білім алады.

Ұрпақ сабақтастығы қашанда өз жалғасын тауып жатады. «Жәңгір мен Ыбырайдың есімдерінде о бастан-ақ бір жарасымдық жалғасын үзбей өтті. Айталық, Жәңгір тұңғыш мектеп ашып, Жасқұста алғашқы қоңырау соғылған 1841 жылы Қостанай өңірінде болашақ ағартушы-ғалым Ыбырай Алтынсарин дүниеге келді. 1845 жылы хан ұлы Ысмайылды Неплюев корпусы болып қайта ірілендірілген бұрынғы әскери училищеге бергенде, атасы Балғожа би де Орынборға бес жасар немересі Ыбырайды жетектеп келіп, оқуға кандидат етіп жазғызды. Ұлтын өнер-білімге жетелер кезде екі тұлғаның ой-ниеттері де орайлас шығыпты.

Жәңгір: Мынау заманда тек оқу мен жазуды ғана емес, түрлі ғылымды игермей болмайды. Онсыз хақ тағала пайғамбарымыз дарытқан дінімізді де ден қоя үйрене алмаймыз, - деген үгітін жеке үлгісімен дәлелдеді.

Ыбырай: Өнер-білім бәрі де оқуменен табылған. Оқу білген таниды бір жаратқан Құдайды, танымаған Құдайды неғылғанда

ұнайды, - деуімен жасөспірім достарын ілгері жетеледі.» [1, 174-175]

Жәңгір хан мектебінің түлектерінің ішінде қазақ халқының көрнекті ғалымдары, ағартушы-демократтары, белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері, белгілі өнер адамдарын көптеп кездестіруге болады. Атап айтқанда, XIX ғ. екінші жартысында өмір сүрген қазақтың көрнекті ғалымдары, ағартушы-демократтары Мақаш Бекмұхамедовті, Мұхамед-Салық Бабажановты, Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін бітірген Бақтыгерей Құлмановты, Сәлімгерей Жантуринді, ағайынды Батырқайыр, Әбділкәрім Ниязовтарды, Тарту университетінің түлегі Сәлімгерей Нұралихановты, Қазан университетінің заң факультетін бітірген Уәлихан Танашевті, Қазан, Саратов университетінің медицина факультетін тамамдаған Мажит Шомбаловты, Махмұт Шолтыровты, белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері Сейтқали Мөңдешевті, Алма Оразбаеваны, халқымыздың алғашқы инженер қызы Мәдина Бегалиеваны, көрнекті ақындар Шәңгерей Бөкеев, Ғұмар Қараш және есімдері кеңес өкіметі

емес, патшалық Ресей тұсында да танымал болған тұңғыш қазақ генералдары Ғұбайдолла Жәңгіров пен Рамазан Құрманалиевті, Шәкір Жексенбаевты, осы Ордадағы Жәңгір мектебінің түлектері екендігін мақтан етуге тұрарлық.

Хан Ордасында 1841 жылы Жәңгір ханның ұйымдастыруымен қазақ даласында бірінші ашылған жаңа типтегі, ескі мұсылман мектептері мен медреселерінен ерекше екі сыныпты орыс-қазақ мектебінің төңкеріске дейін және одан кейін алғашқы ұлт кадрларын даярлауда рөлі ерекше. Мектеп Жәңгір ханның қаражатына салынды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында осы мектеп базасында республикада алғаш рет өтпелі дәуірдегі жоғары оқу орны - Бөкей халық ағарту институты жұмыс істейді. Бірақ бұл институттың ғұмыры ұзаққа бармады, жаңа өкіметтің оған қажетті маман, керекті қаражат жағынан дұрыс көңіл бөлмеуі салдарынан ол жылдан соң, 1923 жылдан бастап педагогика техникумы, педагогикалық курс болып қайта құрылды. Кейіннен мектеп жалпыға бірдей орта білім беретін орта мектеп болып, өз білімін жалғастыра берді.

Әдебиеттер:

1. *Ақ Жайық журналы №1 / 2016 ж.*
2. *Интернет материалдары. massaget.kz/userdata/uploads/u21/17_5.doc*

МҰҒАЛІМ МҮДДЕСІМЕН ҮНДЕСКЕН ЖОЛДАУ

Даирова А. Қ.,

«Өрлеу БАҰО» АҚ филиалы Павлодар облысы бойынша ПҚ БАИ, бас маман

«Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты - осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек», - деген еді алаштың айтулы бір арысы Жүсіпбек Аймауытов. Бүгінгі білім беру саласының да көздеп отырған мақсаты осы тұжырымды

оймен астасып жатыр.

Ұлы даланың болашағын ойлаған Елбасы Н. Ә. Назарбаев 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында білім беру жүйесіне, ұстаздардың мәртебесіне ерекше тоқталды. Жаһандану үдерісі әлемдік деңгейде қатаң талаптар тудырып, көптеген елдерді тығырыққа тіреуде. Мұндай жағдайда

саяси-экономикалық, әлеуметтік дамуы қарқынды, білім-ғылымы жетілген елдердің қатарынан қалмауды мақсат тұтқан Елбасы мәні мен маңызы зор мәселелерді үнемі қаперінде ұстайды. Сондықтан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы - шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деген болатын.[1] Ал кезекті Жолдауында нақты бағыт-бағдарды айқындап берді. Соның ішінде мұғалімдер қауымын серпілтіп, ынталандыра түскен тұжырымдары қызу қолдау тауып жатыр. «Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда» дегенде педагогтердің оқу-тәрбие үдерісін заманауи талаптарға сай ұйымдастыруына жіті көңіл бөлу керектігі ескертілген.[2] Демек, әр педагогтің кәсіби құзыреттілігі мен шеберлігі, функционалдық сауаттылығы жоғарыда айтылған мәселелерді іске асыра алатындай деңгейде болуы – негізгі талап. Зерттеуші ғалымдар: «Сабақта оқу-танымдық, өздік және өзара әрекеттестікпен қоса, жақсы ұйымдастырылған танымдық, ізденіс жұмысы оқытудың аса маңызды құрамдасы болып саналады», - дейді. [3] Бұл - мұғалімге өзінің педагогикалық әрекетін қалай құрып, оқушылардың білімденуін қалай ұйымдастыруға болатынын меңзейтін пайым. Ізденіс пен зерттеушілік әрекетке енгізілген оқушы өздігінен еңбектеніп білім меншіктеуге машықтанады, яғни ол креативтілік пен сыни ойлауға, қарым-қатынас мәдениетіне бейімделіп, бірлескен жұмыс арқылы табысқа қол жеткізуді үйренеді. Кездескен киын жағдаяттардан шығудың оңтайлы жолын тез тауып, дұрыс шешім қабылдауға жаттығады, өйткені: «Зерттеушілік әрекет-руханилықты дамытудың шарты, тұлғалықты дамытудың басы, бізді өмірде танытатын бойымыздағы бірегейлік», - дейді ғалымдар.[4] Ал әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби: «Білімді болу деген - жаңалық ашуға қабілетті болу», - деген еді.

Білімді де шығармашыл, креативті педагог шәкірттерін де өзіндей етіп тәрбиелейді.

Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты - осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек.

Жүсіпбек Аймауытов

Жолдауда: «Орта білім беру жүйесінде негізгі тәсілдер белгіленген, қазіргі кезеңде солардың орындалуына баса назар аударған жөн»; «Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқу жүйесі мен әдістемесі мемлекеттік мектептер үшін бірыңғай стандарт болуға тиіс. Бұл мектеп білімін реформалаудың қорытынды кезеңі болады»; «Білім сапасын бағалау жүйесі халықаралық стандарттарға негізделуге тиіс» деген тұжырымдар педагогтердің қызметіне үлкен жауапкершілік пен маңызды міндеттер жүктейді. [2] Сондықтан мұғалімдердің білім-біліктілігі, педагогикалық құзыреттілігі мен кәсібилілігі барынша жетілген, үздіксіз даму мен өсу жолында ізденіс пен шығармашылыққа, ғылыми-әдістемелік зерттеушілікке негізделуі қажет. Ұстаздар қауымын ерекше қуантқаны Елбасының: «Бұл салада біліктілік талаптарын, оқыту әдісін, тәрбиешілердің және балабақшадағы басқа да қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін қайта қарау қажет»; «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, қабылдау қажет», - деген сөздері. [2] Ізгілікті іс істеген балаға «мұғалім бол» деп бата беретін қазақ халқы үшін мұғалім - ежелден ерекше қадірлеп-қастерлейтін мамандық иесі. «Білгенін білмегенге үйреткен адам көп сауап алады», - деп те айтады халық, сондықтан бала оқытып-тәрбиелеуге өмірін арнаған абзал жандардың еңбегін дұрыс бағалап, беделін арттыру қажеттігі ақиқат. Қағазбастылық пен өзінің тікелей қызметінен тыс шараларға мұғалімдерді мәжбүрлеу белең алып бара жатқаны да шындық екені белгілі. Бар күш-қуатын бөгде істерге жұмсап, қалжыраған педагогтің шығармашылық шабыты, іздену, зерттеу мүмкіндігі жақсы болуы неғайбыл.

Ғылымда акмеология деген түсінік кең

тараған, 1) акме - өмірде табыстарға жету, дамудың шыңына шығу, шығармашылық әлеуеттің дамуы мен шығармашылық әрекеттің мерзімінің ұзақ болуы; 2) кемелдену - оқытудың әр басқышында «акме» биікке шығудың интегралдық көрсеткіші: атап айтсақ, бірінші сынып оқушысы - мектептік кемелдену; бастауыш мектеп бітірушісі - білімде кемелдену; негізгі мектеп бітірушісі - тұлғалық кемелдену; орта мектеп бітірушісі - әлеуметтік кемелдену; кәсіби мектеп бітірушісі - кәсіби кемелдену сияқты басқыштардан өтеді; Кемелдену (есею) - акмеологиялық категория ретінде үш бағытта байқалады. Мұғалімнің рухани кемелденуі оның даралық және кәсіби жетілгендігінің көрсеткіштерінен байқалады.[5] Яғни мұғалімнің мәртебесі мен беделін өсіру үшін Жолдауда белгіленген шаралар әр педагогтің акмеологиялық деңгейде, заманауи инновацияларды жете меңгеріп, тәжірибеде ұтымды пайдалану арқылы білім сапасын арттыруға, шәкірттерінің әлемдік кеңістікте еркін әрекеттене алатын рухани дүниесі бай, коммуникативтілік қабілеті жоғары, креативті азамат болып қалыптасуына зор үлес қосуын көздейді. Зерттеуші В.Н.Максимова еңбектерінде: «Педагогтің акмеологиялық деңгейге жетуі мұғалімнің инновациялық жұмыстарға әзір болуын білдіреді, кәсіби құзыреттілік, педагогикалық шеберлікпен педагогикалық бағыттылық сияқты сапаларының болуын талап етеді. Бұл сапалар ұстаздың жаңа білімдерге, жаңалықтарға ашықтығы, ғылымды игеруі, оқушының дамуының ерекшеліктерін білуі, оған жағдай жасауы арқылы нәтижелі болатындығын» атап өтеді. [6] Елбасының: «Бұл құжат мұғалімдер мен мектепке дейінгі мектептер қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастырып, жүктемені азайтуға, жөнсіз тексерістер мен міндеттен тыс функциялардан арашалауға тиіс» деген пайымы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытып, шығармашылық пен ізденісті әрекетке ден қоюына мүмкіндік береді.[2] Өзінің уақытын білім-біліктілігін толықтырып, функционалдық сауаттылығы мен кәсіби шеберлігін шындауға тиімді пайдалану арқылы еңбегін табыс пен жетістікке бағыттайтын болады.

Кәсіби мүмкіндігі терең маман кездескен қайшылықтар мен кедергілерден шапшаң арылып, әрекетін ұтқырлықпен ұйымдастыруға бейім, ол табысқа қол жеткізген сайын еңбегінен рухани ләззат алып, үздіксіз жетілу, өсу жолына түседі, тоқтаусыз алға жылжи беруді мұрат ететін болады. Қарқынды даму арқылы көшбасшы елдердің қатарынан берік орын алу үшін жастарымыз жасампаз, еңбекқор, білімді, іскер және жаңалыққа ашық тұлға болып қалыптасуы мектеп қабырғасынан бастау алатыны мәлім, ол педагогтердің құзыреттілігі мен шеберлігіне, ізденісті еңбегіне байланысты екені де ақиқат. М.М.Чошанов құзыреттілікті білім, білік, дағдының өзара байланысы деп қарап, оның төмендегідей формуласын ұсынады: «білімді қолданудың жылдамдығы + әдістердің оралымдылығы + ойлаудың сыншылығы». Яғни білімді тез қолдану мен әдіс-тәсілдерді, сыни тұрғыда ойлаумен сабақтастыра, үйлестіре пайдалана алу - құзыреттіліктің кепілі, ол педагогикалық үдерісті нақты нәтижеге әкеледі.

Білім алушының ақпаратпен жұмыс істей білуі, оған сын көзімен қарап, қажеттісін сұрыптай алуы, тәжірибеде ұтымды қолданып, сауатты жаза білуі, шешен тілмен жеткізе білуі, өзге тұлғалармен өзара әрекеттестікке бейім болуы еңбегін табысты етеді. Мұның бәрі - мұғалімнің сабақты тиімді технологиялармен ұйымдастыру шеберлігіне, оқушыларды шығармашылық, зерделеу-зерттеушілік әрекетке жұмылдыра білуіне қатысты қасиеттер. Сондықтан: «Жаңа формацияның мұғалімі – ол рухани дамыған, рефлексияға қабілетті, кәсіби дағдылары бар және жаңаға құштар, педагогикалық дарынды шығармашыл тұлға» [7] Мұндай педагог заманауи талаптарға сәйкес, қоғам мен өмір сұранысына сай алғыр да ақылды, рухы биік, жаны таза, елжанды, қабілеті қарымды, парасатты адам тәрбиелеуде көп жеңіске жетеді.

Белсенді оқу әрекетіне машықтанған балалар уақытты босқа жібермеуге тырысады, олар жинақылыққа, жауапкершілікке, шапшаң ойлап, жедел шешім қабылдауға икемді, білім-білігін үздіксіз тереңдетуге, жаңалық ашуға, шетел тілдерін меңгеруге

күштар, қарым-қатынас мәдениетіне ерекше мән беретін жан-жақты тұлға болып өседі. Зияткерлік мүмкіндігі мен әлеуеті пәрменді адам өмірде айрықша табыстарымен көзге түседі, таңданарлық табыстарымен басқаларға үлгі-өнеге болады. Мағжан Жұмабаев: «Тәрбиеден мақсұт - адамды һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу, ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты» ...Тәрбиеден мақсұт - баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес. Келешек өз заманына лайық қылып шығару ғой», - деген еді. [8]

Жолдаудағы: «Орта мектептердің өзінде балаларды мейлінше сұранысқа ие мамандықтарға бейімдеп, кәсіби диагностика жүргізу маңызды», «Бұл оқытудың жеке бағдарын жасауға және оқушы мен мұғалімнің оқу жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді» деген мәселені Ел Президенті бекер қозғаған жоқ. [2] Аталған мәнмәтінде прагматизм - мектеп бітіруші түлектің тәжірибелік пайдалы нәтижелерге қол жеткізе алу тұрғысынан өз іс-әрекеті жүйесін құруға және өмірге, әлемге деген көзқарасын қалыптастыруға жағдай туғызатын әрі қарай өзін-өзі анықтау траекториясын құрудың маңызды факторы. Бұл мектеп қабырғасында баланың қандай мамандыққа икемі бар екенін анықтай отырып, оның қабілеттері мен зейін-зердесін, ішкі мүмкіндігін сол бағытта дамыту педагогтердің айрықша мән беретін жайт екенін ескертеді. Әр түлек өзіне ұнайтын мамандықты таңдап, өмірлік жолын саналы түрде болжауы қажеттігін түсінгені жөн, мұнда да мұғалімнің дұрыс бағыт-бағдар беруі зор рөл атқарады, өйткені әрбір жастың өзіне ұнаған мамандық бойынша білім алып, өкінбестей мәнді де мазмұнды өмір сүруіне үлкендердің берген ақыл-кеңесі, тәжірибесі, көрсеткен өнегесі айтарлықтай ықпал жасайды. Сондықтан педагогтің әрбір сабағын заманауи талаптарға сай жаңаша ұйымдастыруы, баланы өмір бойы білімденуге, өздігінен ізденіп, әрекеттену арқылы кемелденуге машықтандыруы - білім беру ісінің басты мақсаты. Осы тұрғыдан алғанда әрекеттілік технология

мен тұлғаға бағдарланған тәсілдемелер сабақтың тиімділігін арттыруға, жоғары сапаға қол жеткізу ғана емес, сондай-ақ, білімденушілердің болашақ өмірде табысты әлеуметтенуіне, бәсекеге қабілетті маман болуына, іскер, дарынды, зерделі зияткер болуына мүмкіндік беретін функционалдық сауаттылығын қалыптастырады, шығармашылық әлеуетін шыңдайды.

Президенттің «Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керек. Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады» деген тұжырымды ойы мен «балалар қауіпсіздігінің маңыздылығы және білім алудың қолжетімділігін арттыру мақсатына байланысты тапсырмалары - бүгінгі күннің баса назар аударуды қажет ететін көкейтесті мәселелері. Адам қасиеттер мен терең парасаттылық, руханилық пен ізгілік, білім мен біліктілік дәні отбасы мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында себіліп, мектеп пен орта, жоғары оқу орындарында кемелденеді. Бойына осы сипаттар дарыған жас өркен өмір жолында биік шыңдарды бағындырып, ел игілігіне зор үлес қосатын жасампаз тұлға болатыны анық. «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын? Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең, құл болмақшы.

Мойындағы борышты білу - білім ісі, борышты төлеу - адамшылық ісі. Білім мен адамшылық - екі басқа нәрсе, бірақ борышын білушілер көбейсе, төлеушілері де көбеюі ықтимал», - дейді Ахмет Байтұрсынов. [9] Ұрпақты оқытып-тәрбиелеудің бүтін үдерісі осы терең пайымға негізделуі керек деген ой келеді. Елбасы қозғаған келелі де өзекті проблемалар қазақ халқының даналық ой-тұжырымдарымен әрдайым үндесіп жатады. «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл», «Білімдіге - дүние жарық, білімсіздің күні - ғаріп», «Оқу - білім азығы, білім - ырыс қазығы», «Өнер алды - қызыл тіл», «Өнерлі жігіт өр де озар», «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді», - деген ой-түйіндері ел болашағы жеткіншектердің тәрбиесіндегі баса назар аударатын көкейтесті

түйткілдер. Бала тәрбиесіне ерекше мән берген ата-бабамыз болашақтың жарқын, баянды болуының тұғыры - ұрпағының қолында екенін болжап, баланы білім-ғылым, өнерге ертеден баулыған, оларға өшпестей ғибратты ой-тұжырымдарын аманат етіп қалдырған. Ал бала оқытып, тәрбие беретін мұғалімге бас иіп, құрмет көрсеткен, сондықтан оның ел ішіндегі беделі биік, орыны төрде болды. Халық мұғалімге әрдайым қолдау көрсетіп, көмек беруден аянған емес, себебі мұғалімнің мақсат-мүддесі елдің бейбіт те бақытты, дәулетті, басқалармен терезесі тең, қуатты болуы екенін, оны жүзеге асыратын ұрпақтың дұрыс адам болып өсуі ұстаздың еңбегіне байланысты екенін жақсы түсінді,

бағалады.

Бүгінде мұғалімдер қауымы зор жауапкершілікті арқалап, қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін тынымсыз ұстаздық міндетін атқарып, білім беру саласының дамуына қызмет етуде. Елбасының кезекті Жолдауы - әр педагогтің мүддесімен үндесетін, қолдау мен қамқорлық көрсететін маңызы терең құжат. Өйткені мұғалімнің мәртебесі өзінің ерен еңбегі мен шәкірттерінің табысы, жетістіктері арқылы өлшенеді, олардың халық игілігі үшін жасаған жақсылығы ел мәртебесін өсіріп, абыройын асқақтатады, Қазақстанның тұғыры берік, төрт құбыласы тең мемлекет болуына зор ықпал жасайды.

Әдебиеттер:

1. Н. Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» - Астана. 2017 ж.
2. Н. Ә. Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» 5 қазан 2018 жыл.
3. Лизинский В.М. Приемы и методы в учебной деятельности. - Москва. Центр. Педагогический поиск. 2002. - С.- 45.
4. Мухина В. С. Психологический смысл исследовательской деятельности. Школьные технологии №2. 2006.
5. Б. А.Тұрғынбаева. Ұстаздық шығармашылық. - Алматы 2007. 56-б.
6. Максимова В. Н. Акмеология-новое качество образования // Научно-практический журнал «Завуч» №5. -2004.-С.5.
7. А. А. Жайтапова. Моделирование и мониторинг профессионального роста учителей в системе повышения квалификации. Алматы. 2006.-с.4.
8. М. Жұмабаев. Педагогика. Шығармалар. 2-3-т. - Алматы. «Білім» 1996. 224-б.
9. Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол. - Алматы «Жалын» 1991. 260-б.

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ПЕДАГОГА КАК ФАКТОР МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

**Чокушева А.И., Кусаинова А.Т.,
ФАО НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по г. Астана**

Статья Президента Нурсултана Назарбаева «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» является программой духовного обновления казахстанского общества, открывает новые перспективы для развития государства.

У Казахстана есть возможность соединить горизонты прошлого, настоящего и

будущего на десятилетия вперед. Основные элементы модернизации сознания, как общества, так и каждого казахстанца: конкурентоспособность, прагматизм, опираются на национальную идентичность, культуру, образование, которые по праву позволяют стать факторами успеха нации и сблизить вхождение Казахстана в тридцат-

ку конкурентоспособных стран мира.

Президент РК Н. А. Назарбаев отмечает: «Каждый казахстанец должен понимать, что образование – самый фундаментальный фактор успеха в будущем». Сегодня в Казахстане созданы все условия для улучшения качества образования и выхода его на международный уровень. Тому свидетельство – переход на 12-летнее среднее образование, обновление содержания образования на всех ступенях с учетом тенденций международного уровня образования, создание Назарбаев Университета, НИШ, переход на кредитную систему обучения в вузах и др. программные действия.

Современный учитель должен быть проявлением мира, толерантности, любви, ненасилия, уважительно относиться к детям, видеть в каждом ребенке личность, индивида, который может раскрыться тогда, когда учитель создаст для этого условия. Поэтому направления, включающие системные действия по модернизации подготовки педагогических кадров: дальнейшая информатизация образовательного процесса; усиление государственной поддержки и стимулирования учительского труда; активная пропаганда высокой миссии учителя, опыта и достижений лучших педагогов-наставников; учет лучших образцов международной практики и их подготовки позволяют говорить о созвучии требований к педагогу, которые отражены в статье нашего Президента.

В Национальном центре повышения квалификации «Өрлеу» успешно реализуется непрерывная модель профессионального развития педагогов. Концептуальной основой деятельности АО «НЦПК «Өрлеу» в повышении квалификации педагогических работников является «обучение на протяжении всей жизни», нацеливающая педагогов на самосовершенствование и профессиональную самореализацию.

Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» открыл новые горизонты для формирования личностных и профессиональных качеств педагогов. Здесь созданы условия для развития педагогического мастерства и профессиональной компетентности, углубления

специализации и обобщения опыта профессиональной деятельности на республиканском и международном уровнях.

Образовательные программы курсов повышения квалификации, разработанные на основе принципов и стратегий новой философии образования и компетентностного подхода нацелены на внедрение в практику современных педагогических технологий и на применение активных методов обучения, развитие критического и креативного мышления, углубленное использование ИКТ в педагогической практике. Модульный принцип программ курсов позволяет гибко и мобильно реагировать на запросы педагогов в условиях модернизации системы образования.

АО «НЦПК «Өрлеу», работая в обновленном формате содержания образовательных программ школ и технологий обучения, соответствующих мировым требованиям, сохранив лучшие традиции системы повышения квалификации, подготовил профессорско-преподавательский и тренерский состав, обладающий профессиональными компетенциями и навыками в области лидерства, работы в команде, умения убеждать, мотивировать и т.д.

Кадровое обеспечение АО «НЦПК «Өрлеу» позволяет качественно и оперативно решать задачи, поставленные Правительством РК перед новым форматом системы повышения квалификации педагогических работников.

Наряду с курсовой деятельностью важнейшей частью работы АО «НЦПК «Өрлеу» является посткурсовая и межкурсовая деятельность, проводимая в форме конференций, вебинаров, круглых столов, республиканских семинаров, посвященных различным актуальным вопросам образования.

Для слушателей создан электронный депозитарий методических и научных изданий «Өрлеу», разработаны программы с комбинированным обучением, с использованием SMART-технологий, что позволяет нам держать руку на пульсе последних тенденций в образовательном поле.

Экономическая модернизация, проводимая в стране, неизбежно касается гуманитарной сферы жизни общества. Мы

должны быть готовыми к масштабным внутренним реформам и адаптированы к этим изменениям. А это в свою очередь требует определенных изменений в сознании, прежде всего, учительства страны.

В АО НЦПК «Өрлеу» разработан план мероприятий по реализации республиканского проекта «Туған жер. Туған ел. Туған глобал» на 2018-2022 гг. В образовательных программах курсов повышения квалификации предусмотрено изучение педагогами всех уровней образования тем по реализации программы «Рухани Жанғыру». В посткурсовой период в целях методического сопровождения профессионального развития педагогов запланировано проведение разнообразных по тематике межкурсовых мероприятий в контексте приоритетных задач духовной модернизации.

Сегодня мы стали участниками изменений результатов образования казахстанских школьников, в основе которого лежат национальные и общечеловеческие нравственно-духовные ценности: любовь к родине, доброта, уважение, труд и творчество, сотрудничество, открытость и обучение в течение всей жизни. А реализовать такое образование способен учитель, хорошо владеющий современными подходами духовно-нравственного воспитания ученика, обеспечивающими нравственно-духовное здоровье нации и стабильное процветание Казахстана. В этом и состоит суть ценностей общенациональной идеи «Мәңгілік ел» и программы модернизации общественного сознания «Рухани жаңғыру».

Большая работа в данном направлении проводится филиалом ИПК ПР по г. Астана. С целью разъяснения основных положений программной статьи Президента РК - Лидера Нации Н. А. Назарбаева «Взгляд

в будущее: модернизация общественного сознания», согласно плану мероприятий по реализации республиканского проекта «Туған жер. Туған ел. Туған глобал», проведена Республиканская диалоговая площадка с приглашением менеджера базового направления Республиканского штаба «Рухани Жанғыру» Барон Л. А.

В ходе данного мероприятия педагоги города поделились лучшим педагогическим опытом по организации патриотического и духовно-нравственного воспитания подрастающего поколения в контексте системной реализации базового направления «Отаным - тағдырым» спецпроекта «Туған жер», основанного на синергии истинного прагматизма и культа знаний с чувством принадлежности к великой нации.

С целью создания условий для изучения и открытого обсуждения педагогической общественностью вопросов теории и практики организации краеведческой деятельности в свете реализации программы «Рухани жаңғыру», обмена опытом и идеями освещения краеведческих вопросов в системе повышения квалификации педагогов, филиалом организован Республиканский дистанционный teach-in на тему: «Повышение квалификации педагогов в контексте духовной модернизации общества: краеведческий аспект».

Послание Президента нацеливает нас на сохранение исторического наследия, осознание целостности, идентичности, нерушимости нашего государства, которое создали и отстояли наши предки. Сегодня от каждого из нас требуется вносить определенный вклад в дальнейшее развитие страны. А наш вклад заключается в совершенствовании профессионального мастерства каждого педагога.

Литература:

- 1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы (утверждена Указом Президента РК от 01.03.2016 г. №205).*
- 2. Новые возможности развития в условиях Четвертой промышленной революции. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. – 10 января 2018 г.*
- 3. Статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» от 12 апреля 2017 г.*

АСПЕКТЫ ПРЕВЕНТИВНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПО ПРОБЛЕМЕ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ ДЕТЕЙ

Изакова А. Т.,
д.п.н., профессор ЕНУ
им. Л.Н. Гумилёва, г. Астана

Валиева А. Б.,
к.п.н., доцент кафедры социальной
педагогике и самопознания,
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Естественно-культурные задачи цивилизованного общества напрямую связаны с тем, что его граждане должны быть воспитанными, социализированными, образованными, самореализующимися и гармоничными личностями.

Изменения, происходящие сегодня в нашем обществе, выдвинули целый ряд проблем, одной из которых является проблема девиантного поведения детей и подростков. Исследователи многих стран выделяют различные причины обострения проблемы девиантного поведения детей и подростков в современном обществе и предлагают разные варианты ее решения. Тем не менее, проблема остается актуальной и открытой, но реалии жизни показывают, что существует ряд факторов и обстоятельств, которые отрицательно влияют на развитие личности, на здоровье человека и создают благоприятную среду для возникновения девиантного поведения, в частности у детей и подростков.

Анализ программ в разных странах по профилактике девиаций показывает низкую эффективность административно-карательных мер и необходимость перехода к всесторонней медико-психологической, психолого-педагогической и социально-правовой помощи и поддержке «групп социального риска», к программам социальной реабилитации и коррекции поведения детей и подростков с отклонениями в социальном развитии.

Основными факторами риска возникновения девиантного поведения являются:

- проблемы семьи, условия развития ребенка в семье, приводящие к потере смысла жизни, девиации поведения;
- проблемы развития личности: нарушения

поведения, нарушения личности, асоциальные тенденции, инфантильность;

- проблемы социализации личности: педагогическая запущенность, безграмотность, безнадзорность, социальное сиротство;

- отклонения состояния человека от нормы в психическом здоровье (наследственные, физиологические и психофизиологические): акцентуации, пограничные состояния, нервно-психические патологии. [1]

На сегодняшний день в мире можно выделить 4 уровня передовых психолого-педагогических и ресоциализационных технологий:

1 высший уровень – государственный, предполагающий разработку и реализацию государственных программ по социализации личности, адаптации ее к современному обществу, а также профилактику девиантного поведения с использованием всех современных психолого-педагогических и социальных технологий, созданных на основе теорий девиантного поведения. К ним относятся законы и постановления, принятые на правительственном уровне и на уровне комиссий при президенте и премьер-министре. Реализация государственных программ проводится с привлечением законодательной власти, правоохранительных органов, министерств образования и здравоохранения.

2 уровень – уровень субъектов государства - это разработка конкретных профилактических и ресоциализационных технологий на основе принятых на государственном уровне программ, учитывающих социально-экономические особенности, а также практическую реализацию этих программ и технологий специально созданными социальными центрами.

3 уровень – муниципальный - предполагает разработку профилактических мер с учетом специфики местных органов самоуправления, конкретных школ, колледжей, производственных, коммерческих и других объединений, знающих локальные условия конкретного региона. Цели этих программ - оказание помощи подросткам в выборе профессии, повышении квалификации, выработка умений и навыков, необходимых для решения жизненных проблем. Основной акцент в этих программах сделан на развитие творческой инициативы у людей.

4 уровень – личностный - предполагает разработку и внедрение конкретных методов социального контроля, профилактики, превенцию, а также ресоциализацию отдельно взятых девиантов. Специальные центры (коммуны, общины) могут стать альтернативой лишению свободы и таким видам наказания, как штрафы, условное осуждение и т.д. Три позиции лежат в основе их жизнедеятельности: непрерывная помощь подросткам и забота о их будущем; психотерапия; образование. [2]

Современную систему профилактики можно подразделить на первичную, вторичную и третичную. Первичная профилактика включает: изучение механизмов формирования материнского и отцовского поведения, типа семьи и воспитания; изучение и коррекцию отношений, которые служат причиной снижения эмоционального благополучия ребенка и отклонений в его оптимальном психическом развитии в младенческом, раннем и дошкольном возрасте. Вторичная профилактика: раннее вмешательство в коррекцию клинико-биологических нарушений у ребенка; исследование генографии семьи; коррекция семейных отношений, физических и эмоциональных связей, определение детско-родительских границ; наличие четких семейных ролей. Третичная профилактика проводится в отношении подростков, совершивших правонарушение, и её целью является коррекция поведения подростка и его развитие, а не само преступление.

В концептуальном плане выделяют информационный, поведенческий и социально-профилактический подходы к профилактике девиаций. Основное положение

информационного подхода: отклонения от социальных норм в поведении людей происходят потому, что они не знают их. Методы осуществления профилактики: информирование людей о нормативных требованиях, предъявляемых к ним государством и обществом, активное использование в этих целях средств массовой информации. Данный подход предполагает серьезное переосмысление, прежде всего на государственном уровне, роли и задач всех информационных средств, которыми располагает общество.

Поведенческий подход, где основное внимание уделяется формированию жизненных навыков, помогающих справиться с ситуациями риска зависимостей. Этот подход базируется на укреплении защитных факторов личности: развитии положительной самооценки; терпимости к разнообразию людей и их жизненных позиций; тренировке сопротивления негативным процессам.

Социально-профилактический подход в качестве основной цели рассматривает выявление, устранение и нейтрализацию причин и условий, вызывающих различного рода негативные явления. Сущностью этого подхода является система социально-экономических, общественно-политических, организационных, правовых и воспитательных мероприятий, которые проводятся государством, обществом, конкретным социально-педагогическим учреждением, социальным педагогом для устранения или минимизации причин девиантного поведения.

Для более глубокого анализа причин возникновения девиантного поведения в Казахстане с сентября 2018 г. проводится Национальное исследование факторов девиаций среди детей и подростков и разработка системных мер по их профилактике. В исследовании применяются анкета и методики, которые охватывают данные о детях и подростках, их поведении и условиях социализации и жизни:

- 1) демографические данные;
- 2) психологический климат в семье;
- 3) модель воспитания ребенка;
- 4) модель семьи;
- 5) данные анамнеза;
- 6) биологические факторы развития

девиантного поведения: физиологические и анатомические особенности ребенка;

7) употребление ПАВ: табачные изделия, алкогольные, др.

В результате статистического исследования будут выявлены:

- формы девиации, распространенные в РК;
- типы девиации, распространенные в РК;
- факторы риска появления девиантного поведения.

На основании результатов и выводов исследования будут разработаны методические рекомендации по профилактике девиантного поведения детей и подростков.

Содержание рекомендаций по Системным мерам профилактики девиантного поведения будет основываться на схеме, построенной по результатам и выводам статистического исследования (таблица 1).

Таблица 1. Модель системных мер профилактики девиантного поведения.

№	Объекты мер профилактики	Предметы статистического исследования	Субъекты мер профилактики	Функционал субъектов мер профилактики
1	Ребенок и семья.	Демографические данные; Психологический климат в семье; Модель воспитания ребенка; Модель семьи.	Ребенок, родители и представители ребенка.	Обращение, активность, мотивированность.
2	Личность ребенка.	Данные анамнеза.	Школьный психолог, социальный педагог (работник).	Консультация. Диагностика. Коррекция. Направление к специалисту (терапевт, психиатр). Сопровождение. Психотерапия и психокоррекция.
3	Социализация ребенка.	Употребление ПАВ: табачные изделия, алкогольные и др.	Классный руководитель, воспитатель, полиция школы, участковый.	Просвещение в форме игры-беседы, тренингов, кейсов. Коррекция, в виде делегирования важных заданий и поручений и др. Научение позитивным паттернам.
4	Состояние ребенка.	Биологические факторы развития девиантного поведения: физиологические и анатомические особенности ребенка.	Школьный медработник, участковый терапевт.	Просвещение, диагностика, консультации, рекомендации, направления, пропаганда ЗОЖ.

Для реализации системных мер профилактики девиантного поведения необходимо принять комплекс мер, формирующих убежденность и необходимость того, что

необходимо уже на ранней стадии выявлять девиантное поведение у детей и семьи.

Важно знать, что действовать в таких

случаях необходимо предельно корректно, гуманно, человечно, созидая таким образом необходимую культуру, деликатность и анонимность при принятии необходимых решений в отношении конкретных детей, подростков, семей с девиантным поведением.

В результате применения вновь разработанного комплекса мер государственно-общественного характера необходимо обеспечить информированность самих детей, подростков, семей и заинтересованных в этом лиц о выявленных проблемах и путях их разрешения.

Очень важно также сформировать общественное мнение о том, что при проявлении девиантного поведения, уже на ранней стадии отклонений от нормы, необходимо без каких-либо надуманных опасений и предрассудков срочно обращаться за помощью к психотерапевту, психологу, медработнику, юристу или полицейскому, социальному работнику и педагогу в зависимости от сложившихся трудностей.

В целом, результаты работы системных мер профилактики девиантного поведения детей и подростков могут выглядеть следующим образом:

- Институт семейного воспитания (при поддержке МОН РК);
- Центры семейного здоровья (при ведомстве Министерства здравоохранения) и другие институты и центры;
- клубы и КСК дворов, участковые полицейские;
- семьи и сами дети, и подростки должны своевременно и в доступной форме получать информацию о сути, формах, последствиях девиантного поведения и о том, что такое поведение в первую очередь не осуждают, не наказывают, а выявляют, определяют, находят способы работы с таким поведением с помощью методов психотерапии, терапии, коррекции, воспитания и обучения.

Необходимо поддерживать и поощрять (внимательным, корректным отношением, пониманием и заботой) детей и подростков, обратившихся за помощью, и их семьи.

С детьми имеющих отклонения в поведении необходимо проводить целенаправленную работу, формирующую их позитивное мировоззрение, уверенность в себе

и в окружении, уверенность, что он нужен близким и обществу, что любим и имеет возможности и способности быть как все – значимым и успешным. Необходимо формировать позитивные предпосылки и тенденции к появлению созидательных целей и принципов в картине мира детей и подростков, и их семей.

Предлагаем создать подобный институт или центр при поддержке конкретного ведомства в составе МВД РК, обязательно нацеленного в своей деятельности на активное просвещение, профилактику и реабилитацию девиантного поведения корректными и гуманными методами.

Психологи школ, медицинских и других учреждений должны владеть методами и приемами экспресс-диагностики девиантного поведения, клинической беседы, терапевтической сессии. Психологи должны пропагандировать идею о том, что за девиантное поведение нельзя осуждать и наказывать, а необходимо выявлять причину девиантного поведения и уровень вреда, причиненного состоянию личности.

Личность ребенка должна восприниматься как уникальное и альтруистичное явление с мощным потенциалом к созиданию и саморазвитию. Необходимо понимать, что девиации, которые наблюдаются у ребенка, возникли вследствие негативного опыта с которым ребенок не смог справиться путем развития и адаптации и потому компенсировал его девиацией. В процессе диагностики, консультаций и терапевтических сессий нужно раскрывать потенциал ребенка - позитивные качества и свойства личности и жизни ребенка (детей и подростков), которые важно практически реализовывать в жизни конкретных детей и подростков.

Предлагаем создать гуманные и корректные правила, порядок направления детей и подростков психологом школы и др. образовательных учреждений (который провёл диагностику, беседу, консультации и другую психологическую работу с ребенком, и, желательно, с семьей ребенка) к психотерапевту и другим специалистам вне школы и других образовательных учреждений.

Воспитатели, педагоги, полицейские, социальные работники и педагоги (взрослые) должны владеть методами и при-

емами бережной, не травмирующей, но эффективной коммуникации с «трудными детьми», то есть детьми, которые отличаются в своем поведении от общей массы. Общаясь, взаимодействуя с взрослыми, ребенок должен понимать, что взрослые не осуждают его личность. Они не поощряют имеющиеся у него отклонения в поведении, так как это нарушает принятый закон, порядок, условия здоровой и благополучной жизни.

Взрослые должны видеть и создавать условия (клубы, центры, секции), в которых ребенок может самореализоваться, найти свои лучшие человеческие качества, почувствует поддержку и одобрение со стороны авторитетных, значимых положительных граждан, как взрослых, так и сверстников.

Предлагаем четко обозначить условия и правила своевременного обращения взрослых к психологу школы с достаточным описанием причины обращения, с обязательным условием сохранения конфиденциальности, корректности, гуманности этого взаимодействия и его результатов.

Также необходимо ввести в содержание занятий по курсу «Самопознание» информацию о причинах девиантного поведения, его последствиях и профилактике в виде игры-беседы, тренингов, кейсов; корректировать девиантное поведение с помощью делегирования важных заданий и поручений и др.; научить позитивным паттернам поведения в разных неприятных для детей и подростков ситуациях. Основная цель такой помощи - обучить детей принятию социально оправданных решений, способствовать их нравственно-правовой социализации. Ввести традицию фиксации игнорирования родителями классных часов и встреч с классным руководителем, психологом и другими работниками для применения дальнейших мер профилактики девиантного поведения детей и подростков.

Медицинский работник школы, участковый терапевт обязаны систематически проводить встречи с детьми и подростками для знакомства с последствиями девиантного поведения для их здоровья и будущего. Необходимо особенно активно убеждать в том, что своевременное обращение

к специалистам - это единственно верный способ избегания болезни, одиночества, непонимания, агрессии и осуждения со стороны общества.

Медицинский работник школы, участковый терапевт в корректной форме, соблюдая деонтологию, должны направлять ребенка, склонного к девиантному поведению и уже девиантных детей и подростков к психотерапевту, наркологу, гинекологу и другим специалистам, оповестив об этом администрацию образовательного учреждения.

Предлагаем создать медицинский центр профилактики девиантного поведения, который обеспечивает анонимное взаимодействие и профессиональную психолого-медико-психиатрическую поддержку.

На наш взгляд, всем специалистам необходимо высокий уровень компетенции в области психологической психодиагностики и консультирования. В профилактике возникновения девиантного поведения подростков особое значение приобретает психологическое знание, на основе которого исследуется природа девиантного поведения подростков, а также разрабатываются практические меры по предупреждению девиантных проявлений.

Социально-педагогическая профилактика девиантного поведения должна базироваться на таких основных принципах как:

- гуманный подход к ребенку, признание семьи в качестве важнейшего института профилактики;
- согласованность действий всех воспитательно-профилактических служб в микросреде;
- максимальная индивидуализация и адресность профилактических воздействий в социуме, конструктивное использование превентивных резервов, заключенных в нём;
- когнитивная, проблемная и социокультурная адекватность, опора на механизмы и феномены массового сознания.

По нашему мнению, в отечественную практику превенции детской и подростковой девиации необходимо включить ведущие направления развития социально-педагогической профилактики детской и подростковой девиантности, применяемые в разных странах:

- ориентация на проведение всех предупредительных и реабилитационных мер в отношении подростка вне его отрыва от привычной социокультурной среды;
- стимулирование гражданской активности в этой сфере, привлечение к ней дополнительных участников и финансовых средств;
- укрепление престижа традиционной семьи, повышение ее психолого-педагогической культуры;
- подготовка специальных кадров социальных педагогов, специализирующихся в практической работе по профилактике и коррекции девиантного поведения;
- создание сети специальных превентивных служб и структур;
- психологизация воспитательно-профилактической и охранно-защитной деятельности;
- ведущая роль медико-психологической помощи в коррекции и реабилитации девиантного поведения подростков. [3]

Процесс подготовки социальных педагогов к профилактике девиантного поведения подростков должен включать моделирование системы социальных отношений, создание условий для освоения определенной совокупности специальных профессиональных педагогических знаний и опыта их применения на практике. Ключевыми компетенциями такого специалиста должны быть: психологическая, научно-теоретическая и практическая готовность к взаимодействию с девиантными подростками.

Так как профилактическая работа социальных педагогов с девиантными подростками является своеобразной зоной доверия между ними, способствующей их взаимопониманию и общению, основными компетенциями социального педагога должны стать навыки влияния не только на самого подростка, но и на его окружение,

на групповое общение, на ситуацию в социуме. Необходимыми качествами должны быть психологическая грамотность, развитое чувство такта, хорошая коммуникабельность и организаторские способности, духовная и общая культура высокого уровня, умение анализировать социальные явления, видеть свое место и роль в общественной жизни, четкие нравственные принципы.

Девиантное поведение подростков имеет свою специфическую природу и рассматривается в отечественных и зарубежных исследованиях как результат социопатогенеза развивающегося под влиянием различных целенаправленных, организованных и стихийных, неорганизованных воздействий на личность подростка. При этом среди причин, обуславливающих различные девиации, большую роль играют социально-психологические, психолого-педагогические и психобиологические факторы, знание которых необходимо для эффективной профилактической деятельности.

Профилактика девиантного поведения подростков – система мер, целью которых является предупреждение возникновения и развития деструктивных изменений в структурах личности и отклонений в поведении посредством формирования устойчивого психологического иммунитета к негативным влияниям на субъекта извне. Современная практика показывает, что необходимая специальная профилактика должна состоять из различных по характеру правовых, социально-педагогических, организационных, технических и других мероприятий, непосредственно направленных на устранение, нейтрализацию конкретных причин возникновения девиантного поведения подростков.

Литература:

1. Клейберг Ю. А. *Психология девиантного поведения: Учебное пособие для вузов.* - М.: ТЦ Сфера, 2001. - 160 с.
2. Жигампар А. М. *Отечественный и зарубежный опыт исследования девиантного поведения*//*Вестник Инновационного Евразийского университета, 2011* // <https://articlekz.com/article/13538>
3. Ершова И.А. *Подготовка педагога к профилактике девиантного поведения подростков в отечественном и зарубежном социально-педагогическом опыте: на материале Англии и США: Автореферат, к.п.н.* – Калининград, 2005. – 25 с.

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ РОБОТОТЕХНИКА НЕГІЗДЕРІН ҚОЛДАНУ

Дюсембаева Г. Т.,
 «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Астана қаласы бойынша ПҚ БАИ
Жұмағұлова З. Ә.,
 п.ғ.к., Ы.Алтынсарин атындағы
 Ұлттық білім академиясы,
 Астана қаласы

Қазақстандық білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың заманауи кезеңі мектепке дейінгі тәрбие мен мектепте сапалы білім үшін қол жетімділікті, колледж және университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу мүмкіндігін, зерттеу және шығармашылық құзыреттілікті дамытуды көздейді.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқушылардың алгоритмдік іскерліктерін дамытуға жаңа тәсілдерді іздеу қажеттілігі уақыт өткен сайын туындауда. Осындай тәсілдердің бірі информатика сабақтарында робототехника негіздерін пайдалану болып табылады.

Мектептер мен жоғары оқу орындарына робототехника негіздерін белсенді енгізу басты проблемалардың бірі - еңбек нарығында білікті инженер-техникалық мамандардың үдемелі тапшылығын табысты шешуге мүмкіндік береді.

Робототехниканы дамытудың болашағы зор. Біріншіден, робототехниканы қолдану салалары өте кең. Оған құрылыс, өнеркәсіптік, тұрмыстық, авиациялық және экстремалды (әскери, ғарыштық, су асты) салалар жатады. Екіншіден, электроника, механика, информатика, программалау, радиотехника және т. б. білімнің кең спектрін меңгеруді көздейді.

Сонымен қатар, робототехниканың бірегей ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктерге робототехникалық жүйелерді құрастыру мен қызметті программалауды басқару мүмкіндіктері; робототехникалық жүйелерді зерттеу негізінде тиімді білім беру әдістемелерін енгізу жатады.

Робототехниканы білім беру үдерісіне енгізу:

- оқушылар информатика, математика және 3D үлгілеу, жылдам прототиптеу жабдықтарының көмегімен бөлшектерді өндіру технологиясы кіретін пәндер кешенін оқитын инженерлік бағыттағы зертханаларға негізделген орта құруға;
- оқушылардың озық технологияларды, оларды қолданудың практикалық дағдыларын игеруге тең және ауқымды қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- ғылыми-техникалық шығармашылыққа тарту, шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту, заманауи және тиімді кәсіби бағдар беруге;
- жаратылыстану ғылымдарын зерделеуге ынталандыруды арттыруға ықпал етеді.

Біздің болашақтағы жоғары технологиялық және ғылыми қарқынды өндірістер үшін кадрлар қорын жасақтауымыз керек.

Н. Ә. Назарбаев

Робототехника негіздерін «Информатика» пәнінде оқытудың әр деңгейінде әртүрлі білім беру мақсаттары болуы тиіс. Сондықтан, оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты әртүрлі деңгейдегі технологиялық ортаны пайдалану, сараланған әдістерді қолдану қажет.

«Информатика» пәнін оқытудың әдістемелік ерекшелігі визуалды программалау технологиясы мен қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланумен байланысты нақты міндеттерді шешу үшін қажетті бастапқы теориялық білім базасын қалыптастыру болып табылады. Робототехниканы ақпараттық техно-

логиялар саласындағы болашағы бар бағыттарға жатқызуға болады. Сондықтан оқу үрдісінде робототехника негіздерін қолдануға болатын ең қолайлы пән информатика болып табылады.

Сабақта робототехниканы пайдалануды бастау үшін педагог робототехника негіздерін үйрену, пән бойынша тақырыптық жоспарлауды қалыптастыру, робототехниканы қолдану мүмкіндігі анық байқалатын тақырыптарды бөліп, пән бойынша тақырыптық жоспарлауды талдау, әрбір тақырыптың ішінде нақты сабақтар бөлу, робототехниканы қолдана отырып сабақ конспектiлерiн әзiрлеу, робототехниканы қолдана отырып, оқушылардың негiзгi құзыреттiлiктерiн қалыптастыру жүйесiн әзiрлеу және өз жұмысында тексеру жұмыстарының алгоритмін пайдалану керек.

Оқу үрдісінде робототехника негіздерін қолдану төрт құрамдас бөліктен тұрады:

Өзара байланысты орнату. Сабақ басталар алдында педагогтың қысқа әңгімесі балаларға мәселені түсінуге және оны шешудің ең сәтті тәсілін табуға көмектеседі;

Құрастыру. Бұл кезеңде іс-әрекет басталады-балалар модельдерді жинайды, сонымен қатар "әрекет арқылы Оқыту"қағидаты іске асырылады;

Рефлексия. Құрылған үлгілердің көмегімен балалар зерттеу жүргізеді, олардың барысында қорытынды жасауға, тәжірибе нәтижелерін салыстыруға үйренеді;

Дамыту. Балалардың шығармашылық белсенділігі мен алған тәжірибесі зерттеуді жалғастыру үшін идеяларды, тәжірибе жасауға, өз моделдерін өзгертуге, оларды жетілдіруге деген ықыласты тудырады.

Робототехника ғылыми пән ретінде тұтас ғылыми-техникалық бағытта ғалымдар мен техниканы әзірлеушілердің бірлескен күшімен қалыптасады,

әртүрлі роботтарды, робототехникалық құрылғылар мен жүйелерді әзірлеудің және пайдаланудың үлкен тәжірибесімен байытылады.

Робототехника - роботтар мен компьютерлік басқару жүйелерін жасау және қолдануға байланысты техника саласы. Робототехникалық құрылғылардың көптеген түрлері бар, оның ішінде робот-манипулятор, мобильді робот, адымдайтын робот, мүгедектерге көмек көрсету құралдары, телебасқару және шағын робот.

Астана қаласы мектептерінің мұғалімдері «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Астана қаласы бойынша ПҚ БАИ базасында «Робототехника негіздері» тақырыбы бойынша курстан өту кезінде қорытынды жобаларын дайындап, оларды көпшілікпен таныстырып, сәтті қорғады. Атап айтқанда: «Салынып жатқан тіктөртбұрыш пішінді бөлменің периметрін анықтауға арналған өнеркәсіптік робот» жобасын дайындап, таныстырған № 10 орта мектептің физика пәнінің мұғалімі Е. Г. Сафонованың, №1 мектеп-лицейдің информатика пәнінің мұғалімі Д. Д. Толепергенованың, №29 орта мектептің информатика пәнінің мұғалімі А. М. Беркутованың, сондай-ақ, «Билеуші робот» жобасын дайындаған № 37 орта мектептің информатика пәнінің мұғалімі Г. С. Бекенованың, №20 орта мектептің информатика пәнінің мұғалімі Г. Р. Газизованың, №84 орта мектептің математика пәнінің мұғалімі Л. С. Калмакованың және т.б. курстың даушыларының жобаларын айтуға болады.

Сонымен, информатиканы, математика және физиканы оқыту барысында робототехниканы пайдалану оқу материалын терең меңгеруге ғана емес, сонымен қатар оқушылардың ойлау қабілетіне сондай-ақ, оқушылардың инженерлік ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. 2016 - 2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.
2. 2011-2013 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында робототехника және робот технологиясын дамыту. Мемлекеттік бағдарлама.

3. Ж.З.Жантасова, А.С.Қадырова, А.К. Садақбаева, А.Е.Икенова - Білім беру технологияларын жетілдірудегі заманауи робототехниканың рөлі.
4. И.В.Тузикова, *Робототехниканы зерттеу - инженерлік мамандықтарға жол. [Мәтін] / И.Тузикова // Мектеп және өндіріс. – 2013 ж. - № 5. - 45-47 бет.*
5. Білім беру робототехникасы. Тиісті материалдардың мазмұны. Кітапханалық-ақпараттық орталық. - Екатеринбург, 2015 ж.

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ӨТШТ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Абдрахманова Р. Т.,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Ақмола облысы
бойынша ПҚ БАИ, аға оқытушы

Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Қазіргі таңда білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейтесті мәселелерінің бірі білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру жас ұрпақтың тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау. Осыған сәйкес бүгінгі күн талабы – баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, тілін дамыту, заман талабына сай оны жүйрік етіп тәрбиелеу.

Қоғамның заманауи даму сатысында инновациялық үдерістер, бірінші кезекте, баланың әлеуетті қабілеттіліктерін ашудың деңгейі білім беру жүйесіне әсер етеді. Инновациялар бала тұлғасына, оның қабілеттіліктерін дамытуға бағдарланған педагогикалық практикада қолданылатын жаңа әдістерді, нысандарды, құралдарды, технологияларды анықтайды. Қазақстанның заманауи даму сатысында білім беру үдерістерінде педагогтердің назарын балалардың шығармашылық және интеллектуалдық дамуына, эмоционалды-еріктік және қозғалыс аясын түзеуге бұра отырып, білім беру мазмұны күрделене түсуде; дәстүрлі әдістердің орнын баланың танымдық дамуын белсендіруге бағытталған тәрбие мен оқытудың белсенді әдістері басуда.

Қазақстанның заманауи білім беру

саясатының білім беру парадигмаларының ауысуымен, жаңа педагогикалық технологияларға өтуімен сипатталуы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың дара шығармашылық нысандар мен әдістерге бағдарлануы мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі тәрбиешілер мен педагогтердің инновациялық әдістемелік қызметінің маңызын арттырады.

Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында.

Н. Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кезкелген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді. Сексенінші жылдардың аяғында елімізде ғылыми және педагогикалық бағыт ретінде ӨТШТ (ТРИЗ) педагогикалық технологиясы енгізілді. Қазіргі таңда ӨТШТ басқа да педагогикалық технологиялар қатарында жүйелі дамып келеді. ӨТШТ өзара байланысты үш бағыттан тұратын кешен: ӨТШТ, ШҚД (РТВ), ШТДТ (ТРТЛ). Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу

теориясы (ӨТШТ) – шығармашылық міндеттерді шешу және табысты шешу қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған. Шығармашылық қиялды дамыту (ШҚД) – жаңа бейнелер жасау үшін қиялды басқаруға бағытталған. Шығармашылық тұлғаны дамытудың теориясы (ШТДТ) – лайықты мақсат қою және оның сәтті өтуін көздейтін белсенді шығармашылық ұстанымның қалыптасуына бағытталған.

ӨТШТ – педагогикалық технологиясының қызметі әртүрлі салалардағы күрделі мәселелерді шешуге дайын шығармашылық тұлғаның логикалық ойлауын қалыптастыруға және тәрбиелеуге бағытталған. Проблемалық оқытудың белгілі әдістерінен айырмашылығы – өнертапқыштық проблемаларды шешу әдістерін құру саласындағы жинақталған әлемдік тәжірибе. Әрине, бұл тәжірибе педагогиканың мақсаттарымен қайта қаралып, келісілді.

Өнертапқыштық проблемаларды шешу әдістері бойынша, ең алдымен, ӨТШТ шеңберінде әзірленген әдістер мен алгоритмдер сондай-ақ миға шабуылдау, морфологиялық талдау, фокалді объектілердің әдісі сияқты танымал әдістер.

ӨТШТ мұғалімдерінің шығармашылық дағдыларын дамыту үшін білім беру өнертапқыштық қоры және ғылыми міндеттер физика, биология, экология, өнер, технология және бизнес сияқты салаларда жинақталады, оқушыларға жаңа, өздігінен орындалған шығармашылықты ойлап табуға мүмкіндік береді. ӨТШТ – өнертапқыштық (шығармашылық, ашық) мәселелерді шешудің ғылымы. Шығармашылық тапсырмаларды орындау теориясы адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың жаңа әдіс-төмесі үшін негіз болып табылады. Шығармашылық мүмкіндіктердің көріне бастауының себебі – балалық кездегі елестету деңгейінің жоғарлығымен, балалардың ойлауын танымдық бағытының дамуымен түсіндіріледі.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді

шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермей, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі.

Жұмыстардың қазіргі кезеңінде мектепке дейінгі жастағы балалардың қарапайым математикалық көріністерін қалыптастыру бойынша проблема бар: математикалық сұрақтарға мектепке дейінгі балалардың өз беттерінше жауап табуына жас ерекшеліктері мүмкіндік бермейді. Классикалық білім беру жүйесінде білімнің, дағдылардың және дағдылардың дамуы басты рөлде болды, ал ең тиімді оқу процесі тек қана қиялға белсенді қатысқан жағдайда ғана жүзеге асты.

Осы жағдайдан шығу жолы – ӨТШТ технологиясының математика сабақтарында белсенді қолданылуы, өйткені жаңа, ерекше нәрсе жасау қабілеті балалық шақта, қиял және ойлау сияқты жоғары ақыл-ой функцияларын дамыту арқылы жасалады. Ал ӨТШТ технологиясы шығармашылық әлеуетті дамытумен айналысады, бұл қарапайым математикалық тұжырымдарды қалыптастыруға оң әсер етеді.

Мектепке дейінгі балаға қатысты ӨТШТ тұжырымдамасының орындалуы – оқытудың шынайылығының принципінде. Баланы тәрбиелеу үшін мұғалім баланың жеке табиғатын, ерекшелігін ескеру қажет. Сондай-ақ, Выготскийдің ережесі бойынша мектепке дейінгі жастағы бала оқу бағдарламасын қай жағдайда оның ұстанымына сай келсе, сол дәрежеде қабылдайды. Математика сабақтарында ӨТШТ технологиясының ең тиімді әдістері мен тәсілдерінің бірі Миға шабуыл – өнертапқыштық міндеттерді қойып, оларды шешу жолдарын табу, нақты шешімді таңдау.

Әрбір идеяны талдау «жақсы-нашар» тұрғысынан бағалауға негізделген, яғни, бұл сөйлемдегі бір нәрсе жақсы, бірақ бір нәрсе нашар. Барлық шешімдердің ішінен оңтайлысы таңдап алынады, бұл қайшылықты ең аз шығындармен шешуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс балаларға қарапайым ізденіс арқылы,

жіберіліп алынған проблеманы шешуді іздеуде шығармашылық белсенділікті ынталандыруға мүмкіндік береді. Өмірде үмітсіз жағдайлар болмайтындығын түсінуге мүмкіндік береді.

«Морфологиялық талдау» – бұл мәселені шешудің барлық ықтимал фактілерін анықтауға көмектеседі. Балалардағы нысандар берілген тақырып бойынша көптеген санаттағы жауаптарды беру мүмкіндігіне, сондай-ақ ойлаудың ұтқырлығын қалыптастыру, баланың өзгермелілігі қағидасын меңгеруге ие. **«Синектика»** – ұқсастықтар деп аталатын әдіс: а) тұлғалық ұқсастығы (эмпатия) балаға проблемалы жағдайда қандай да бір нысан немесе құбылыс ретінде өзін таныстыруға мүмкіндік береді; б) тікелей ұқсастық – білімнің басқа салаларында ұқсас процестерді іздестіру негізінде; в) фантастикалық ұқсастық – мәселе сикырлы ертегідегідей шешіледі. **«Фокалды нысандар»** әдісі – белгілі бір объектіге басқалардың қасиеттері мен сипаттамалары «онымен ешқандай байланысы жоқ» ретінде өлшенеді. Ал кейде, күтпеген жағдайларда кейбір қасиеттер комбинациясының сәйкестігі анықталып жатады, әрине, бұл балаларда қызығушылық тудырады. Бұл әдіс балалардың шығармашылық қиялын, дамытуға, бір-бірімен байланысты емес, қоршаған әлемнің бірнеше көзқарастағы түрлі объектілері арасындағы себеп-салдарлық қатынастарды табу қабілетін қалыптастыруға бағытталған. **«Данетка»** – бұл әдіс балаларға пән бойынша маңызды белгіні табуға, жалпы мінездемелерге сәйкес объектілер мен құбылыстарды классификациялауға, басқалардың жауаптарын тыңдауға және өздерінің сұрақтарын қалыптастыруға, олардың негізінде өз мәселелері бойынша сұрақтар қойып, ойларын дұрыс тұжырымдауға мүмкіндік береді. **«Робинзон»** тәсілі – қажетсіз заттардың өзін пайдаланудың білігін таба білуді қалыптастыруға мүмкіндік береді. **«Жүйе операторы»** – баланы өткен, бүгінгі және келешегі бар объектіге қатысты тәуелсіз ойлауға ынталандырады.

Балалардың математикалық дамуы калыпты жүруі үшін келесі ойындар

өткізілу ұсынылады: «Жақсы-нашар». Ойыншыларда позитивті немесе теріс ассоциация сақталуына алып келмейтіндей нысан алынады және мүмкіндігінше оның оң және теріс жақтарын атау. Мысалы, сіз үшбұрышты нысан ретінде таңдайсыз. Балалардың оң ассоциациясы – үйдің төбесіне ұқсас, тұрақты, теріс сырғанамайды, үшкір. **«Үштікті таңдаңыз»** ойыны – үш кездейсоқ сөздің екеуін таңдап, олар үшін не екенін және олармен қалай қарым-қатынас жасайтынын айту. Мысалы, «шеңбер», «төрт», «шағын» деген сөздер берілсе, балалар бұл ойындағы «шеңбер» сөзі арқылы ой қорытып, 4 кішкене шеңберді машинаның дөңгелегі, қуыршақтардың тарелкалары ретінде қолдануға болады деп, ойлайды. Балалар топқа бөлінеді, оларға объектілердің бірі – оның қатысушылары немесе куәгерлері тұрғысынан белгілі бір жағдайды сипаттау тапсырылады. Объектінің қасиеттері арасында оны басқа объектілерден ажырататын және оқиғалар бойынша нақты көзқарастарды анықтайтын белгілерді табу қажет. Мәселен, орта мектепке дейінгі жастағы оқып-үйренудегі қосу кестесінің бір бөлігі ретінде бес саны туралы әңгіме жазу. **«Фокус»** ойыны мұғалім негізгі нысандарды (1-ден 3-ке дейін) және жетілдіру тақырыбын белгілейді. Ойыншылар ойын белгілерін және олардың құндылықтарын фокалды нысандардан жақсартуды талап ететін көрініске көшіруге мүмкіндік береді, яғни жақсарту тақырыбы бойынша еркін нысандардың қасиеттерін нақтылайды. Мысалы, фокалды нысан таңдалады - піл, жақсарту нысаны – бұл кәмпиттер. Піл үлкен, сұр, жақсы, күшті (пайдалы). Яғни, кәмпит те тамаша – үлкен, жақсы (тәтті), пайдалы. **«Кішкентай адамдар»** ойыны таңдаулы құбылыс немесе нысан ойластырып, әрекет ете алатын кішкентай адамдардан тұрады. Адамдарда әртүрлі мінездер мен әдеттер бар, олар әртүрлі бұйрықтарға бағынады. Ойын балаларға табиғи құбылыстарды көруге және сезінуге, объектілер мен жүйелердің өзара әрекеттесу сипатына, әсіресе кішкентай адамдардың орнына өздерін қойып көруге мүмкіндік береді.

Жүйелік қатынастарды анықтау үшін

ойындар. Кішкентай адамдар әдістемесі. В: Біздің тобымыздың қандай заттарында тіктөртбұрыштар өмір сүреді? Д: үстелде, шкафтарда, көйлегімде, еденде (линолеум үлгісінде), өкшемде. В: 3-санын қайдан кездестіруге болады? Д: Аптаның күндерінде, жылдың айларында В: 5-санын қайдан кездестіруге болады? Д: Туған күндерде, біздің үйлеріміздің нөмірлерінде, саусақтарда, мекен-жай тақтасында. Осылайша, ӨТШТ элементтерін меңгерген балалар стандартсыз және қарапайым емес проблемаларын өздері шеше алады. ӨТШТ технологиясы балалардың өзіндік шешімдер қабылдауына және проблемаларды шешу қабілеттерінің артуына мүмкіндік туғызады.

Сонымен, білім беру жүйесінде педагогикалық технологияларды қолданудың мақсаты – жанашылдықты енгізуді көздейді. Оқыту мен тәрбиенің жаңа

әдісі мен түрлерін қолдана отырып, білім беру ұйымдарында тәжірбиелік қор жинауға септігін тигізеді. Оқыту технологияларын білім беру жүйесінде жүзеге асыруды білім беру жүйесінің дамуының заңдылықтарының бірі ретінде қарастыруға болады, өйткені білім беру жүйесін және оның құрамының өзгеруін қажет ететін ескі мен жаңа үдеріс арасында қайшылық болуы табиғи құбылыс. Адам өмірі мен тұрмысының жаңа сапаға көтерілуі – білім мен тәрбие мазмұнын жанартуды талап етеді. Ал бұл өзгерістер оқыту үдерісінде оқу-тәрбие мақсаты мен мазмұнын, оқыту тәсілдері мен құрал-жабықтарын өзгертумен қатар, оқу үдерісін ұйымдастыру шараларын да түбегейлі өзгертуді талап етеді. Ал, педагогикалық жаңа технологиялар осы педагогикалық мақсатқа жетудің тиімді жолы екені анық.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, 10.01.2018 ж.
2. Страунинг, А. М. Программа по ТРИЗ-РТВ для детей дошкольного возраста «Росток», 1 том: Учебно-методическое пособие. – Обнинск: Изд. «Принтер», 200. – 204с.
3. Обучение решению творческих задач в профессиональной подготовке. Учебно-методическое пособие для студентов, обучающихся по специальности – Дошкольная педагогика и психология. / Сост. Жуйкова Т.П., кпедн, доцент – Абакан: Изд-во Хакасского государственного университета им. Н.Ф. Катанова, 2004.- 42 с. Литература:

ҚАТЫСЫМДЫҚ ДАҒДЫ – МҰҒАЛІМ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ БІР ҚЫРЫ

Болсынбаева А.,

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Алматы облысы бойынша ПҚ БАИ, аға оқытушы

Қазіргі таңда елімізде жүргізіліп жатқан жаңа мазмұнды білім беру бағдарламаларын биік нәтижеге жеткізу мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, заманауи ой-өрісіне, инновациялық мәдениеттілігіне тікелей байланысты. Бүгінгі педагогикадағы инновация, инновациялық білім мен мәдениет деген ұғымдардың барлығы осы мұғалім тұлғасының төңірегіне топтасады.

Сондықтан ұстаз – ол өз пәнін жетік

білумен қатар, білім беру ісіндегі жаңа озық тәжірибеден өз қажетін тауып керегіне жарата білетін, үйренушілерінің мүдделерімен жете санасып, тең дәрежеде сыйласатын, балалардың рухани мұқтаждықтарын қанағаттандыруда педагогикалық деңгейін үнемі жетілдіріп отыратын тұлға.

Елбасы «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты еңбегінде «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің

қанымызда бар қасиет», - деген болатын. [1] Бұның астарында ғұмыр бойына білім алуға деген ұмтылыс жатыр. Демек, бұл ұлы қасиет мұғалімге де, оқушыға да өшпейтін өнеге болуы тиіс.

Еліміздің болашағы мектепте болса, ал мектепті өзгертіп, жаңартатын басты тұлға әрине – мұғалім. Сондықтан да ұлт ұстазы А.Байтұрсынов өткен ғасырда-ақ: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», – деген еді.[2]

Бүгінгі жүзеге асып жатқан жаңа білім беру мазмұнының да негізгі арқауы – осы үздіксіз білім алу үдерісі. Және оның өзі, ең алдымен, инновацияға арқа сүйеуі тиіс.

Жаңа мазмұнды бағдарламаның өміршеңдігі мен нәтижелі жүзеге асуы – мұғалімнің күнделікті жұмысында қолданатын интербелсенді әдістерінің тиімділігімен өлшенеді. Қазақтың педагог-жазушысы Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» деген болатын. «Қарапайымнан күрделіге», «теориядан тәжірибеге» яғни оқушының функционалдық сауаттылығын дамытуға қарай негізделген спиралді құрылымда білімнің біртіндеп артуы мен терендеуін және білім алудың бір сатыдан екінші сатыға көшуін көрсетеді.

Бүгінгі мұғалімнің рухани әлеміне қойылатын маңызды талаптың бірі – оның өз ісіне сыни көзбен қарай білуі. Мәселен өз сабағына талдау жасау, өз ісіне сыни тұрғыдан қарау, сабақтың сәтті, сәтсіз өткен тұстарын, сабақта кеткен ағаттықтарын айқындауының өзі мұғалімнің инновациялық мәдениеттілігінің, кәсіби дамуының көрінісі. Сабақты түрлі формалармен және әдістермен тым толтырып жіберу сабақтың тиімділігінің кепілі бола алмайды. Сабақта қолданылатын барлық тәсілдердің өзіндік орны, сабақтың әрбір кезеңіне лайық қолданылу орайы болады. Оны дәл анықтап, жоспарлай білу – сәтті сабақтың кепілі. Озық әдістеме –

іс жүзінде оны қисынын тауып орындай алғанда ғана жақсы нәтиже береді.[3]

Ұстаз ең басты шәкірттің ішкі жан дүниесінің болмысы мен ахуалын, оқушының ішкі ойы, пікірі, идеялары, дүниетанымы, көзқарасы, ұстанымы, түсінігі, пайымдауы, уәждері, дәлелдері, ұсыныстары бар екендігін білуі парыз. Балаға дайын дүниені тықпалағаннан көрі, оның жан сырына үңілген жөн. Шәкірт мектеп қабырғасынан тек қалыпты білімнің қоймасы емес, өз жүрегі мен жанын өмірге және басқа адамдарға айқара ашқан, жалған қағидаларды ұстанбайтын, дүниеге өзіндік көзқарасы бар тұлға болып шығуы керек.

Сабақ беру жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер.

Жүсіпбек Аймауытов

Бүгінгі таңдағы кәсіби мұғалім моделі – кәсіби дағды, қатысымдық дағды, тұлғалық құндылықтар топтамасының жиынтығынан құралады. Біз жоғарыда инновациялық мәдениетті сөз ету арқылы мұғалімнің кәсіби дағдысына тоқталып өттік. Сондай-ақ, кәсіби мұғалім моделін дамытуда қатысымдық дағдының алатын орыны ерекше екендігін де атап өткіміз келеді. Мұғалім бірінші кезекте сөз саптауы жүйелі, сөздік қоры бай, шешен болуымен қатар қатысымға тән дағдыларға көңіл бөлгені абзал. Жалпы алғанда қарым-қатынас адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі процесс; екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуының және қалыптасуының қажетті шарты болып табылады.

Қарым-қатынас барысында адамдардың танымдық хабарлармен, ақпаратпен, тәжірибемен, біліммен, дағдылармен алмасуы және өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы жүзеге асады. Қатысымның тұрмыстық және технологиялық деңгей-

лері болады.

Осы ретте қарым-қатынас жасау барысында мынадай үш қадамға назар аударған тиімдірек болатындығын тілге тиек еткіміз келеді: Колибровка – Рапорт – Ведение (К-Р-В).

Колибровка (сұрыптау) – бұл әңгімелеспес бұрын қарсы адамды сұрыптаудан өткізу. Екінші адамды мінез-құлқына қарай аудиал, визуал, кинестетик екендігін, көңіл-күйін, тұрысын, сөйлеу мәнерін, дене қимылы яғни қол сермеу, бас изеу т.б. әрекеттерін саралау.

Рапорт (бірігу) – сұрыптаудан өткізгеннен кейін сол адаммен бірігу арқылы әңгімелесу әрекетін құру.

Ведение (баурап алу) – әңгімелесу әрекеті орын алғаннан кейін адамды өзіне елітіп, баурап алу арқылы өз бағытыңа қарай жетелеу.

Қатысымдық дағдыда тағы бір атап өтетін ерекшеліктер: белсенді тыңдай білу, ақпаратты толыққанды жеткізе білу яғни адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты – өзара түсіністікке қол жеткізу. Қарым-қатынас жасауда қатынасқа түскен адамды тыңдап, түсіне білудің маңызы зор. Бұл басқа адамның ішкі жан дүниесін түсініп, оған өз ойын дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді. Адамдар басқаларға өз ойлары мен көзқарастарын түсіндіре отырып, түсініспеушілік, ұрыскеріс пен дау-жанжал секілді жағымсыз құбылыстарды болдырмауға әрекет жасайды. Адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға мынадай ережелердің орындалуы көмектеседі: барлық адамдармен тең дәрежеде, дәрекілік пен жағымпаздықсыз қарым-қатынас жасау; сұхбаттасушының жеке пікірін сыйлау; бұйрық емес, өтініш деңгейінде қарым-қатынас жасау; екінші адамның пікірін сыйлау және тәжірибесін қабылдай білу. Қарым-қатынас мәдениетін меңгерген тұлға өзімен қатынас жасайтын адамға құрметпен қарап, сыйластық білдіргені абзал. Адамға сыйластықпен қарау жақсы қарым-қатынас жасаудың негізгі өлшемі болып табылады. Сондай-ақ қатысым барысында адамды қолпаштап, мадақтап отыру да маңызды. Бұл оның өзіне деген сенімділігін оятумен қатар құлшыныс пен жігерін қайрай түсетіні даусыз.

Қатысымның осы бір қадамдарын меңгерген жағдайда мұғалім мен мұғалім, мұғалім мен оқушы, мұғалім мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас кәсіби тұрғыдан жетілетіндігі сөзсіз, яғни қатысым дағдысының дамуы орын алады.

Осы аталған қарым-қатынас, әрине, тіл арқылы жүзеге асатынын айтпасақта мәлім дүние. Әр саладағы маман сөз байлығын игеру нәтижесінде кәсіби білікті іскер ретінде таныла алады. Кәсіби қарым-қатынаста тілді жетік меңгеру арқылы адам тіл тазалығын, сөйлеу мәдениетін сақтап, жеке басының қасиеттерін, рухани құндылықтарын айқындай алады.

Сөйлеу мәдениеті туралы өз заманында қазақтың ұлы заңғар жазушысы М. Әуезов нақты дәлелмен мысалдар келтірген болатын: «Сөз шіркін де адам секілді ғой. Оның да ала-құласы көп. Орнатқан жеріңе қорғасындай құйыла қалатын орнықты сөз бар да, курайдың басында қылп-қылп етіп ұшып кеткелі тұрған торғайдай ұшқалақ сөз бар. ... Халық соны біліп, сөз екеш сөзді де «одағай сөз, сүйкімді сөз, сайқал сөз, салқын сөз, жылы сөз» деп, түр-түске бөліп жүр ғой. Біз жазушы болғандықтан, осының барлығын білуіміз керек. Солай мәні мен әріне, әуені мен мүсініне қарап електен өткізіп, сұрыптап алмасақ, жазған шығармаларымыз әлде бірдемеге ұқсап кетер еді».[4] Олай болса, кәсіби қарым-қатынас тілінің маңызды ерекшелігі – әдеп пен мәдениет шеңберінде сөйлеу және басты шарты талқыланатын тақырып жөнінде жан-жақты білім қажеттілігі, нақты деректерді дәлелдеу мен қорғасындай құйыла қалатын орнықты сөзді орнымен пайдалану.

Қорыта айтқанда «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады», – деп өткен ғасырдың ұлы педагогі В.А. Сухомлинский айтқандай, бүгінгі біздің елімізде жүргізіліп жатқан жаңа білім мазмұнын нақты жүзеге асырудағы басты міндет мұғалімдерге жүктеледі. Сондықтан мұғалімнің өз мамандығын үздіксіз жетілдіріп отыруы аса зор маңызға ие.[5]

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» /Егемен Қазақстан, 12.04.2017.
2. А. Байтұрсынов. *Бес томдық шығармалар жинағы.* – Алматы, 2003.
3. А.Қ.Әлімов. «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» ПШО. – Астана, 2014.
4. Е.М.Жанпейісов. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976.
5. В.А.Сухомлинский. *Сердце отдаю детям.* – Москва, 2016.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ОРТАҚ ТАҚЫРЫПТАРДЫ КІРІКТІРУ АРҚЫЛЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС ОРНАТУ

Камзина А. Н.,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
ШҚО бойынша ПҚ БАИ, аға оқытушы

Қазақстан республикасының президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікке, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге баса назар аударылу қажет екендігі атап көрсетілген.

Жаңартылған білім беру мазмұны білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталып, оқушылардың білімі мен білігін тәжірибеде жаңа жағдайда қолдана білу қабілеттерін дамытуды көздейді.

Жаңартылған білім беру мазмұнының талаптарына сай оқыту процесінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі, білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Оқу ортасында оқушылардың функционалдық сауаттылығын, өздігінен іздену, зерттеу, сыни талдау және бағалау дағдыларын дамыту, яғни «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлауға, әрекет етуге, өзін-өзі дамытуға қабылетті адамға» көшуді іске асыру негізгі мақсат ретінде

қойылады.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқушылардың бойында қарқынды дамыған, ақпараттық қоғамда өмірге қажетті ХХІ ғасырдың кең ауқымды дағдыларын дамытуға басты назар аударылған. Кең ауқымды дағдылар оқушыларға оқудағы, өмірдегі проблемаларды шешуге мүмкіндік туғызады.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды.

Балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, шығармашылық қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға қалыптастыруды көздеген жаңа білім беру парадигмасы мұғалімдерге жаңа талаптар қойып отыр.

Жаңартылған білім беру мазмұнында әр мұғалімнің оқу процесін белсенді қызметке айналдырып, оқушыларға оқу-танымдық қызметінде жаңа мәліметтер мен идеяларды өз беттерімен, тәуелсіз меңгеріп, танымдық «жаңалық» ашу,

шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде түрлі өнімдер жасауға, алған мәліметтері пайдалы болатындай ойлануына мүмкіндік туғызуы аса маңызды болып табылады. Бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың жаңа идеяларды әртүрлі көзқараспен зерттеп, шынайылығы мен пайдасын талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алуына көмектесетін белсенді оқуды жүзеге асыра алулары қажет.

Қазіргі таңда рухани құндылықтар жаңарып, адамның зияткерлік әлеуетін қалыптастырудағы білімнің маңыздылығы туралы қағидалардың түбегейлі өзгеруі, жаңа ғасырға жас ұрпақты дайындау міндетімен байланысты. Бүгінгі оқушы жаңа ақпараттарды қабылдап қана қоймай, оны ойлана отырып, сыни талқылап, ой елегінен өткізіп, саралай білетін белсенді қызметпен айналысуы тиіс.

Жаңа мазмұндағы білім беруде мұғалім мен оқушы үшін жеке және топтық жұмысты тиімді ұйымдастырудың негізі ретінде жас ерекшелігі мүмкіндіктеріне сай ақпаратты іздеу, сараптау және талдау дағдыларын дамыту; адам, табиғат және қоғам туралы алғашқы білімін қалыптастыру; рухани-адамгершілік құндылықты дамыту; оқудың функционалдық дағдыларын қалыптастыру сияқты ортақ мақсаттар көзделеді.

Оқу бағдарламаларындағы пән-аралық байланыстың тығыздығы, тәжірибелік-бағыттылық, оқу пәндері мазмұнының өмірмен байланысы оқушыларда сапалы білім алудың алғы шарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, функционалдық сауаттылығын дамытады.

Бағдарламада ұсынылған ортақ тақырыптар негізінде оқушылар бір пәннің аясында үйренген мәселелерін екінші пәнге пайдалана алады немесе бір пәннің негізінде басқа пәнді оқуды жақсарты алады. Ортақ тақырыптардың берілуі пән-аралық білімдерді ықпалдастырып, оқу үдесірін анағұрлым байланысқан және маңызды етуге бағытталады.

Бастауыш сыныптарда оқытылатын

пәндерде ортақ тақырыптардың қарастырылуы оқушылар өз түсінігін кеңейте отырып, өзінің ой-пікірі үшін жауапты болуға үйретеді. Оқушылар өзіндік көзқарасы мен пайымдауын қалыптастырып, дамытуға, мұқият зерделеуге және өз ойын сенімді айта білуге дағдыланады. Мысалы, олар дәлелдерді талдау мен бағамдауды және ойлау дағдылары туралы ойлануды үйренеді. Сонымен қатар, пән-аралық байланыс орнату арқылы оқушылар ақпаратты тиімді пайдалануды үйренетін болады.

Ортақ тақырыпты сабақ тақырыбымен байланыстырған кезде оқушылардың алдыңғы сыныптарда және басқа пәндер бойынша алған білімдерін еске түсіруі және қолдана алуы маңызды болып табылады. Бұл оқушыларға өздерінің қол жеткен жетістіктерін бекітуге және бастауыш сынып пәндері арасында байланыс орнатуға көмектеседі.

Қорыта келгенде, жаңартылған білім беру мазмұны ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру болып табылады. Оқушылар енжар тыңдаушы рөлінен, оқу процесіне белсене араласатын, оқудың маңызын анықтай алатын рөлге ауысады. Оқыту мен оқуда оқушылардың алға жылжуына септігін тигізеді, жаңа дағдыларды меңгеруге ықпал етеді.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылауды жүзеге асыру үшін әртүрлі инновациялық стратегияларды тиімді пайдалану маңызды болып табылады. Белсенді оқу әрекетін ұйымдастыруда мұғалім оқушылардың танымдық іс-әрекеттерінің ынталандырушысы, уәждеушісі рөлінде болады.

Сондықтан, мұғалімдер белсенді оқу ортасы арқылы әр оқушының жеке қабілеттерін, ішкі мүмкіндіктерін, шығармашылығын дамытуға ат салысуы керек. Ол үшін бастауыш сынып

мұғалімдері оқушылардың қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында белсенді іс-әрекеттің стратегияларын (барлық сынып-пен, топпен жүргізілетін жұмыс, жұппен жұмыс, жеке жұмыс, кері байланыс) қолданулары қажет.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру». – Астана: Ақорда - 5 қазан 2018 жыл;
2. Бастауыш білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысы;
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015
4. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015

**СТРАТЕГИЯ СОВМЕСТНОГО ЧТЕНИЯ
НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА**

Ахметниязова А.Ж.,
*заведующая кафедрой информационных технологий
и методики преподавания естественнонаучных (гуманитарных)
дисциплин ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Павлодарской области*

В условиях обновления содержания среднего образования Республики Казахстан большое значение имеют способы обучения учащихся активному чтению на уроках русского языка. Современное поколение детей, в основном, растет интеллектуально высокоразвитыми, но сейчас выявляется определенная тенденция, что дети 21 века особо и не испытывают элементарной потребности в общении, так как очень часто реальное общение им заменяет виртуальный мир всемирной паутины. И как результат, такие дети не умеют работать в команде, почти всегда затрудняются в общении со сверстниками, в выражении своей точки зрения. Такие проблемы происходят, скорее всего, из-за того, что наши дети постепенно привыкают к другому формату реализации своих возможностей. Обновленные учебные программы своей первоочередной задачей ставят развитие именно таких качеств учащихся, которые позволяют им, сейчас, в реальной жизни, а затем и в будущем, быстро адаптироваться к меняющимся обстоятельствам окружаю-

щего их мира. [1]

Конечно, совместное чтение и методики активного чтения в обновленных учебных программах языковых дисциплин не будут панацеей от всех бед современных реалий, но эффективным способом развития коммуникативных навыков учащихся они будут! Именно в совместных действиях, учащиеся при чтении «хороших и качественных текстов» [1] учатся размышлять вслух о прочитанном, давать оценку ситуации и определять свою жизненную позицию к проблемам поднятым в тексте.

Преподавание и обучение в совместном чтении выстраивается из хорошо забытых нами способов чтения на уроке, где главная роль в процессе обучения отводится учителю. Учитель демонстрирует в классе образец красивого, выразительного чтения, обучает учащихся внимательности и осмысленности при каждом шаге в процессе чтения и при этом последовательно выстраивает свое руководство в усвоении детьми извечных ценностей философии жизни человека.

Громкое чтение является основой в стратегии совместного чтения, хотя немаловажным условием качественной совместной деятельности педагога и учеников будет и то, что текст читается по определенным смысловым фрагментам, и каждый прочитанный фрагмент обсуждается в классе, а учитель в этом процессе – главный человек, дирижер оркестра.

Учителю не надо бояться терять драгоценные минуты урока на чтение фрагментов текста, так как в красивом, выразительном чтении есть один, очень весомый эффект: ребенок слушает, сопереживает, наблюдает со всеми вместе. И это вызывает ни с чем не передаваемые ощущения, которые ребенок запомнит больше, чем может быть, даже сам процесс обучения: чувство общности, единства понимания услышанного, даже командный дух восприятия учебного материала.

Особое внимание хотелось бы обратить на методы и приемы активного обсуждения в классе названия, иллюстраций и микротем, которые также важны в работе над текстом. Остановимся на использовании инструментов визуальной коммуникации: видео-ресурсы и графические органайзеры.

Дети всегда живо откликаются на обучение с помощью визуальных средств, особенно в начале совместного чтения, когда идет коллективное обсуждение названия текста, иллюстраций. Применение учителем видеоресурсов на уроках развивает два вида мотивации учащихся: самомотивацию, когда фильм интересен сам по себе, и мотивацию, достигающуюся тем,

что ученику будет показано, что он может понять язык предмета, который он изучает. [3]

При этом работа с видеороликами позволяет учителю связать текстовый материал с общей сквозной темой, оказывает поддержку детям в осмыслении определенных моральных ценностей, развивает метакогнитивные навыки учащихся.

